МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №58 (6193) 26 мамыр, бейсенбі, 2022 жыл.

**#ЖаңаҚазақстан**

*Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді.*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022




## ХАЛЫҚ ИГІЛІГІН КӨЗДЕЙДІ

4-5

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



## МОЛШЫЛЫҚТЫҢ БАСЫ – ЖАЗ...

24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 25 мамырдағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен
**1 101 715**
II компонентпен
**1 084 095**
адам вакцина салдырды

2022 жылғы 25 мамырдағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА I компонентпен – **9 500 001** адам, II компонентпен **9 274 013** адам вакцина салдырды. Ревакциналанғандар саны – **4 329 523**

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**26.05.2022**

**Түнде:**
**+15+17 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+29+31 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:**
**2-7 м/с**

**27.05.2022**

**Түнде:**
**+15+17 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+30+232 °С**
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

**Желдің жылдамдығы:**
**0-5, найзағай кезінде екпіні 10 м/с**

ӘКІМ

# СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

## Шаһар басшысы мектеп түлектеріне үндеу жолдады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мектеп түлектерін құттықтады. «Сіздер үшін бүгін – ерекше күн. Өйткені, жүрегі қуаныш пен арманға толы әрбір түлек үшін бұл сәт – жаңа белестің бастамасы. Осыдан 11 жыл бұрын мектепке тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққалы тұрсыздар.

Биылғы жылы қала мектептерін 12 мыңнан астам түлек аяқтағалы отыр. Алда үлкен сынақ – мемлекеттік емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу. Осы сыннан барлықтарыңыз сүрінбей өтуге шын жүректен тілектеспін!

Алған білімдеріңіздің арқасында Сіздер әлемнің немесе еліміздің кез келген жоғары оқу орнын таңдай аласыздар. Тек Алматының өзінде 36 жоғары оқу орны бар. Таңдаған оқу орындарыңызға түсіп, қалаған мамандық иесі болыңыздар.

Армандарыңыза қол жеткізіп, ата-аналарыңыздың, ұстаздарыңыздың үмітін ақтаңыздар. Еліміздің, әсем қаламыздың атын паш етіп, биіктен көріне беріңіздер!», – деді қала әкімі.



**БИЫЛ МЕКТЕПТІ 12 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ АЯҚТАҒАЛЫ ОТЫР**

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЖЕҢІС БАЙРАҒЫН ЖЕЛБІРЕТТІ

## Алматы оқушыларының 2021-2022 оқу жылындағы жетістіктері



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

**Биыл Алматының 295 мектебінен 12 355 түлек қанат қаққалы отыр. Олардың 11 593-і мемлекеттік, 762-сі жекеменшік мектептерді аяқтады. Мектеп бітіруші түлектердің 613-і «Алтын белгіден», 973-сі «Үздік аттестаттан» үміткерлер.**

2

ҚЫСҚА...

- **Қазақстанда пайдалы қазбаларды өндіру салығының көлемі артады.**
- **Туу туралы куәлік автоматты түрде ресімделеді.**
- **Елімізде 240-қа жуық жаңа кәсіп пайда болуы ықтимал.**
- **Енді автобус билеттерін мобильді қосымшалар арқылы алуға болады.**
- **Алматыда 200 шақырым жол жөнделеді.**
- **«Бақытты отбасы» бағдарламасына 51 миллиард теңге бөлінді.**

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,**
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259–88–99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!

## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

### ПРЕЗИДЕНТ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы күндері Давоста өтіп жатқан Дүниежүзілік экономикалық форум аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығы ұйымдастырған «Дөңгелек үстел» қатысушыларына бейнеүндеу жолдады.***

Мемлекет басшысы қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) салаларындағы мақсаттарды жүзеге асыруға Қазақстанның бейілді екенін атап өтті. Еліміздің әлемдік нарықтарға тауарларды, шикізатты және ауыл шаруашылығы өнімдерін үздіксіз жеткізу ісін қамтамасыз етуде сенімді серіктес болып қала беретінін мәлімдеді. «Жасыл» экономиканы дамыту, энергетиканың тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия секторын өркендету біздің Көміртегін төмендету жөніндегі стратегиямыздың басымдықтары саналады. Бұл 2060 жылға қарай қалдықтарды мүлде жоюға оңтайлы жол ашады», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы халықаралық міндеттемелер мен қағидаттарға адал екенін атап өтті.

### СЕНАТ

***Сенат депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Динар Нөкетаева Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесті.***

Сенаторлар әңгіме барысында «Жаңа Қазақстан: Жастар және жаңғыру» тақырыбымен өткен парламенттік тыңдау туралы хабардар етті. Алдағы референдумның маңызы мен еліміздің Негізгі Заңына енгізілетін түзетулер туралы ойларын ортаға салды. Негізгі Заңның жаңа нормалары барлық мемлекеттік аппараттың жұмысына оң әсер етіп, саяси бәсекелестіктің арта түсуіне ықпал етуі тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ, барлық партиялардың дамуы үшін жағдай жасалады және Қазақстанның дамуына жаңа жол ашылатын болады.

### МӘЖІЛІС

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс Салық кодексіне, сондай-ақ көлік мәселелеріне қатысты заңнамалық түзетулерді І оқылымда мақұлдады.

### ҮКІМЕТ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Цифрландыру мәселелері жөніндегі комиссияның отырысын өткізді.***

Жиында мемлекеттік органдардағы бизнес-үдерістердің реинжинирингі, азаматтар мен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді түзетудің оңайлатылған механизмін енгізу, сондай-ақ бесінші буындағы ұялы байланысты енгізу және дамыту (5G/IMT) барысы қаралды.

### ҚАУЛЫ

***«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ акциялары мемлекет меншігіне қайтарылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті Қаулы қабылдады.***

Осылайша «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ акциялар пакетінің 100%-ы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің басқаруымен мемлекет меншігінде болады.

### ТӨРАҒА

***Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев Президентке ҰҚК органдарының халықаралық лаңкестікке қарсы іс-қимылдары, есірткі мен қаружарақтың, соның ішінде қаңтар оқиғасы кезінде ұрланған қарулардың заңсыз айналымына тосқауыл қоюға, мемлекеттік шекараларды нығайтуға бағытталған шаралар туралы баяндады.***

Төрағаның мәліметтеріне сәйкес, бірқатар халықаралық және аймақтық есірткі таситын жолдар жабылған, заңсыз айналымнан 15 келіден астам психотроптық заттар мен 4 тонна прекурсор тәркіленген. Ел шекарасын күзету барысында 632 құқық бұзушы ұсталған. Сонымен қатар, Каспийде 11 шақырымнан астам браконьерлік құрал тәркіленді. Құны 230 миллион теңгеден асатын валюта мен алтынның, 77,9 миллион теңге болатын тауарлардың және 2,5 миллион теңге көлеміндегі жанар-жағармайдың заңсыз айналымына тосқауыл қойылды.

### МИНИСТР

***Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Мемлекет басшысының мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында процестер мен мемлекеттік органдар функцияларының кешенді реинжинирингі, сондай-ақ құжат айналымы мен есептілікті қысқарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын, ол мерзімдер мен кезеңдерді екі есеге қысқартуды көздейтінін хабарлады.***

Реинжиниринг азаматтар мен бизнеске қызмет көрсету уақытын бірнеше есе қысқартуға мүмкіндік береді, жалпы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсартады. Осылайша азаматтар жиі жүгінетін бірқатар қызмет оңтайландырылды, атап айтқанда, автокөлік сатып алу (15 мин, онлайн қызметтер арқылы қайта тіркеу), ЖШС жою (1 ай), мүгедектікті белгілеу (сырттай куәландыру мүмкіндігі), пәтерді қайта жоспарлау (1 күн), еңбек жарамсыздық парағын алу (қашықтан) және т.б. өзгерістер жыл соңына дейін толық енгізіледі.

---

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЖЕҢІС БАЙРАҒЫН ЖЕЛБІРЕТТІ

## Алматы оқушыларының 2021-2022 оқу жылындағы жетістіктері



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

*(Басы 1-бетте)*

Оқу жылының аяқталуына орай қаланың 295 мектебінде салтанатты жиын өтті. Биыл мектепті 12 355 түлек бітірді, оның ішінде 613-і «Алтын белгіге», 973-і «Үздік аттестатқа» үміткер.

Үлкен өмірге аттанғалы тұрған мектеп бітіруші түлектердің жүзінен қимастық сезімі байқалса, жазғы демалысты сағынған бастауыш сынып оқушыларының жүзінен нұр төгіледі.

«Алда үлкен сынақ – мемлекеттік емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу. Осы сыннан барлықтарыңыз сүрінбей өтуге шын жүректен тілектеспін! Алған білімдеріңіздің арқасында Сіздер әлемнің немесе еліміздің кез келген жоғары оқу орнын таңдай аласыздар. Тек Алматының өзінде 36 жоғары орны бар. Таңдаған оқу орындарыңызға түсіп, қалаған мамандық иесі болыңыздар», – деді Алматы қаласының әкімі Алматы түлектеріне үндеуінде.

Биыл 26 мамыр мен 17 маусым аралығында білім беру сапасын арттыру және пандемия мен шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында оқушылар үшін қосымша оқыту ұйымдастырылатын болады.

9, 11-сынып оқушылары үшін қорытынды емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Ол 9-сыныптарда 28 мамыр мен 6 маусым аралығында, ал 11-сыныптарда 27 мамыр мен 10 маусым аралығында өтеді. 11-сынып түлектері Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан тапсырады.

Биылғы жылдан бастап талапкерлерге ҰБТ тапсыруға және грантқа түсуге екі мүмкіндік беріледі. Екі мүмкіндіктің көмегімен тек мамандандырылған пәндердің бір комбинациясын таңдауға болады. Ұлттық бірыңғай тестілеу 16 мамырда басталып, 5 шілдеде аяқталады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

### ЗИЯТКЕРЛІК ЖАРЫСТАР

2021-2022 оқу жылында Алматы қаласы мектептерінің 30 мыңнан астам оқушысы 85 қалалық, 57 республикалық, 18 халықаралық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, 4045 оқушы жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, 16 пән бойынша өткен республикалық олимпиадада Алматы қаласының командасы 1-орынды иеленіп, «Үздік олимпиадалық команда-2022» атанды. Осы жылы Алматының мектеп оқушылары 88 жүлделі орынды: 16 алтын, 27 күміс және 45 қола медальді иеленді.

Алматы қаласының құрама командасы ғылыми жарыстардың қорытындысы бойынша да алда келеді. Биыл республикалық ғылыми жобалар байқауында 7 алтын, 12 күміс және 31 қола медальді иеленіп, нәтижесінде республика бойынша 1-орын алды.

### СПОРТТЫҚ БАЙҚАУЛАР

Алматы қаласында спорттың 10 түрі бойынша өткен Ұлттық мектеп лигасының іріктеу кезеңіне 5–11-сыныптың 97 мыңнан астам оқушысы қатысты.

Мамыр-шілде айлары аралығында Ұлттық мектеп лигасының республикалық кезеңі өткізіледі. Бүгінде Алматы мектептерінің оқушылары командалық есеп бойынша 2 мәрте 1 және 3-орындарды иеленді.

Францияның Нормандия қаласында 2022 жылдың 14–22 мамыр аралығында спорттың 20 түрі бойынша Бүкіләлемдік гимназиада өтті. Бұл 16–18 жастағы мектеп оқушылары үшін үлкен мультиспорттық оқиға. Қазақстан құрамасы алғаш рет қатысып, 32 алтын, 32 күміс және 21 қола алды. Ел құрамасы жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болып, көшбасшылар үштігіне енді. Қазақстан құрамасының қатарындағы 25 спортшы Алматы қаласының оқушылары. Олар Дүниежүзілік гимназиаданың чемпиондары мен жүлдегерлері атанды.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕР

Биылғы оқу жылында халықаралық деңгейдегі түрлі шығармашылық фестивальдар мен байқауларға Алматы қаласынан 4 мыңнан астам оқушы қатысты. Олардың 137-сі жүлделі орынға ие болып, Гран-при бәйгесін – 33 оқушы, 31 оқушы 1-орынды, 42 оқушы 2-орынды, 31 оқушы 3-орынды иеленді. Республикалық XIII шығармашылық байқаулар мен фестивальдерге 2 мыңнан астам бала қатысып, 1-орынды – 12, 2-орынды – 18, 3-орынды – 15 оқушы иеленді.

Жалпы, қала көлемінде 230 мыңнан астам баланы қамтитын 20 ауқымды шығармашылық фестиваль, форумдар, конкурстар, слеттер мен көрмелер өтті.

**Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# №35 МАРШРУТ ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

**Бүгіннен бастап шаһарда жаңа №35 маршрут жолға шығады. Ол Бағаналы Орда көшесінен – Мойылды көшесі – 6-шы көше – Қойтас көшесі – Сүмбіле көшесі – Олжабай батыр көшесі – Қошқарбаев көшесі – Ағайынды Қожықовтар көшесі – Бекболат көшесі – Солтүстік айналма көшелерінің бойымен жүріп өтіп, Рысқұлов көшесіне жеткенде кері бағытта қозғалатын болады.**

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**



АУЫС–ТҮЙІС



## МЕДЕУ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің және Алматы қаласы мәслихатының келісімі бойынша Медеу ауданының әкімі болып Еркебұлан Нұрланұлы Оразалин тағайындалды.

– Оның басшылығымен Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы қаламыздағы шағын және орта бизнесті қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Аталған тиімді жұмыстың арқасында Мемлекет басшысының зардап шеккен ШОБ субъектілеріне келтірілген залалды өтеу жөніндегі тапсырмасы орындалды. Жалпы, зардап шеккен кәсіпкерлердің 97%-ы өз қызметін қалпына келтірді. Ағымдағы жылдың 20 мамырында құны 14 082 240 817 теңге болатын 1568 өтінім мақұлданды. Осы күрделі кезеңде Еркебұлан Оразалин өзін жауапты және білікті маман ретінде әрі жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлік қасиеттерін көрсетті, – деді қала әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының жаңа әкімін таныстыру кезінде.



## АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫНА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

«Алматы» ӘКК» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен «Алматы-Индустриалды аймақ» ЖШС директоры қызметіне Әлішер Сатыбалдиев тағайындалды.

Әлішер Жұратұлы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын, Maxwell School of C3tzenship and Public Affairs (Exectiwe certificate ofadwanced studu), «UIB» Халықаралық бизнес университетін, «Тұран» университетін және Заңтану академиясын, «Әділет» жоғары құқық мектебін бітірген. Еңбек жолын «Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ маманы болып бастаған. 2017–2019 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары, 2019–2021 жылдары Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің орынбасары болып еңбек етті. 2021-2022 жылдары «Алматы» ӘКК» АҚ аппарат басшысы қызметін атқарды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

АБАТТАНДЫРУ

# ҚАЛА КӨРКІ – САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Алматы аумағында жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде**

**Қай өңірде болсын, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жылда жүргізіледі. Алматыда да солай. Ал мұндай өзгерістер экономиканы дамытып, қоғамды жаңартатыны кәдік.**



Биыл Алматыда аумағында жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Әсіресе, қалаға кейіннен қосылған елдімекендерде бұл жұмыстар мықтап қолға алынған. Соның дәлелі болса керек, бүгінде халықтың тұрмысы түзеліп, әл-ауқаты артып келеді.

Соңғы кездері Алматыда жаңа балабақшалар мен мектептер, оқушы орындарының тапшылығын жою мақсатында білім мекемелеріне жапсарлас қосымша нысандар саны артты. Күрделі жөндеу жұмыстарының арқасында бұрыңғы көшелер тақтайдай түзу жолдарға айналды. Ауызсу, газ мәселелері шешімін тауып, нәтиже бере бастады.

Мәселен, биыл Алатау ауданында ұзындығы 64 шақырым жол жөнделеді, 5 мектеп ашылады, жол қатынасын жақсарту мақсатында 50 жаңа аялдама салынып, 3 жаңа бағыт бойынша автобустар жүретін болады.

Ал Бостандық ауданында ауызсу мәселесін түбегейлі шешу үшін 2022 жылдың соңына дейін «Ерменсай» су қабылдағышының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталады және ол мемлекеттік сараптамадан өтеді. Осы жоба іске асырылғанда әл-Фараби даңғылынан жоғары тұратын 20 мың халықты сапалы сумен толық қамтамасыз ететін болады. Одан бөлек, 80 аула абаттандырылады, т.с.с.

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы бойынша қала мәслихаты Алматы қаласының әкімі мен аудан әкімдерінің халықпен кездесуінің жылдық күнтізбесін жариялаған болатын. Осыған орай, мегаполис әкімі Ерболат Досаев алматылықтармен 24 рет кездесу өткізбек.

Жоғарыда айтылған екі аудандағы өзгерістер қала әкімінің тұрғындармен кездесуінен кейінгі қабылданған шаралар. Алда қала басшысының әлі алты аудан тұрғындарымен кездесуі бар.

Ерболат Досаевтың Наурызбай ауданының тұрғындарымен жүздесуі – қала әкімінің жылдық күнтізбеге сәйкес өткізген үшінші кездесуі. Әр кездесуде тұрғындар өздерінің талап-тілектерін айтып, шаһардың тыныс-тіршілігін нығайтуға бағытталған ойларын ортаға салып, белсенділік танытуда. Бұл, біріншіден, Алматының тұрғындар үшін жайлы қала болуына септігін тигізсе, екіншіден, халықтың әл-ауқатының артуына жасалған қадамдар деуге болады. Өйткені, қалада атқарылып жатқан кез келген жұмыс экономиканы да, қоғамды да жаңартады. Одан алматылықтардың тұрмысы мен өмір сапасы жақсармаса, нашарламайтыны анық.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

# ШАҺАРДА БИЫЛ 360 МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

**Алматыда ағаш көп. Бірақ олардың барлығы жарамды деп айту қиын. Неге десеңіз, олардың көбі өткен ғасырда отырғызылған.**



Бүгінде қаладағы 84 мыңға жуық ағаш апатты жағдайда көрінеді. Қалалық Жасыл экономика басқармасының айтуынша, бұл мәселені шешуге 5 жыл уақыт керек екен.

Өміріне алаңдаған тұрғындар бұл ұзақ мерзім деп күткілері жоқ. Түсі кетіп, жапырағынан айырылған ағаштарды «жасыл желек» деп айтуға келмейді, әрине. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, кепкен бұтақтар қаланың көркінен бұрын, жүргіншілер қашырады. Сөздеріне сенсек, кей ағаштың ғұмыры жарты ғасырдан асқан.

«Бұл ағаштар өте қауіпті. Себебі, ағаштың көлеңкесіне көлік қойсаң, құлап кетуі мүмкін. Әсіресе, жел тұрғанда, әрең тұрған бұтақтар құлап жатады. Жарайды, ондай кезде көлікті темір ғой дерміз. Көлікті қайта қалпына келтіруге болады, ол – темір. Ал дәл осы жерде адам жүрсе ше? Мұның астынан өту соңғы уақытта қатерге бас тігумен пара-пар болды», – деді қала тұрғыны Александр Косаткин.

Жасыл экономика басқармасы қаладағы апатты ағаштарды құртудың жобасы жасалып жатқанын айтты. Тіпті, оны бастап та кетіпті. Айтуларынша, жыл басынан бері адам өміріне қауіп төндірген 3,5 мың апатты ағаш кесілген екен. Сала мамандары бұл мәселені 5 жыл ішінде шешеміз дейді.

«Ағаштардың көбінің діңгегі бүлінген. Себебі, олар XX ғасырдың 60–70-жылдары отырғызылған. Одан бөлек, құрылыс барысында, басқа да түрлі себеппен бүлінген жасыл желектер бар. Тұрғындарға қауіп төндірген ағаштарды алып тастаймыз», – деді Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Олжас Жаныспаев.

Алматыда 3 миллионға жуық жасыл желек бар. Ал апатты деп танылып, тамырымен алып тасталынған ағаштардың орнына 10 түптен отырғызылуы тиіс екен. Бұл қала экологиясын қалыпта ұстау үшін маңызды дейді жауаптылар. Сондықтан күздің соңына дейін 360 мың дана ағаш отырғызылмақ.

МЕТРО

# СЕЙСМИКАЛЫҚ СТАНЦИЯЛАР ОРНАТЫЛДЫ

**Инженерлік-сейсмометрикалық қызмет станцияларын орнатуға «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ ғылыми-техникалық тұрғыдан көмек көрсеткен.**

Мәселен, «Алматы қаласы метрополитенінің «Бауыржан Момышұлы» және «Сарыарқа» жаңа станцияларында швейцариялық GeoSIG фирмасы шығарған тоғыз арналы цифрлы аспапты-өлшеу жүйелері орнатылды.

«Бұл – Алматы қаласының метро жүйесінде орнатылған алғашқы сейсмикалық станция. Аталған құрылғылар жер сілкінісін алдын ала болжауға мүмкіндік беріп, зілзала кезіндегі кинематикалық параметрлердің аспаптық жазбаларын алуға септігін тигізбек. Құрылғыдан алынған ақпарат сейсмикалық әсердің нақты қуаты мен ерекшеліктерін ескеруге және метрополитеннің жаңа станцияларын жобалауға ықпал етеді», – деп жазды Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен.

Құрылғылар күту режимінде жұмыс істейді. Оның іске қосу шегі – 0.05g. Аспапта іске қосу шегінің болуы – метрополитендегі пойыздар қозғалысының динамикалық әсерімен байланысты. Айта кетейік, станциялар өткен жылы техникалық тұрғыдан іске қосылған. Биылғы маусым айында оларды толық пайдалану жоспарланып отыр. Алдағы уақытта метрополитендегі құрылысы жүріп жатқан тағы екі бекетте осы тақылеттес сейсмикалық станцияларды орнату көзделген.

ЖОБА



# КӨПҚАБАТТЫ АВТОТҰРАҚТАР САЛЫНАДЫ

**Тіршілік қазаны қайнап жатқан алып шаһарда шешімі табылуы тиіс шаруа көп. Солардың бірі – автотұрақ мәселесі.**

Алматыдағы көлік санының жылдан-жылға көбеюі көлік тұрағына деген тапшылықты байқатып отыр. Осыған орай, алдағы уақытта Алматыда халықаралық тәжірибені қолдана отырып, тұрақ кеңістігін дамыту мен ақылы тұрақтардан түсетін түсімді көшелер мен аулаларды абаттандыру үшін пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда.

Қала әкімдігінің хабарлауынша, бүгінде Алматы қаласының әкімдігіне компания иелерінен «Алматы спецтехпаркинг сервис» ЖШС-нің 70% мөлшеріндегі және Alan Parking ЖШС-нің 100% үлесін қала меншігіне қайтару туралы ұсыныстар енгізілді.

«Алматыда ақылы тұрақтар жүйесі қазір штаттық режимде жұмыс істейді. Бұл тұрақ уақытына ақы төлеу қажеттілігін білдіреді. Компаниялардағы үлесті коммуналдық меншікке берген соң тұрақ аймақтарын ұйымдастыру және баға саясаты мәселесі қаралатын болады», делінген әкімдік хабарламасында.

Сондай-ақ, бүгінде алматылықтар тұрақ аймақтарының техникалық жай-күйіне, таңбалау мен арнайы тану белгілерінің болмауы, төлем жасау кезіндегі қателіктер, уақыттың дұрыс есептелмеуі, тұрақ кеңістігінің жеткіліксіздігіне және т.б. шағымдануда екен. «Тұрғындардың ақылы автотұрақтардың қызметін ұйымдастыруға қатысты шағымдары талдануда. Көпшіліктің өтініштері мұқият талданған соң ақылы тұрақтардың жұмысын жетілдіру үшін кешенді шаралар қабылданатын болады. Бұл туралы БАҚ-та қосымша хабарланады», – деп мәлім етті әкімдіктен.

Айта кетейік, бүгінгі күні Алматыда алаңдық және жаяужолдық үлгідегі ақылы тұрақтарды ұйымдастыру үшін бөлінген жер учаскелері жекеменшікке берілген жоқ. Еске салайық, осыған дейін Алматыда ақылы автотұрақтар қаланың меншігіне қайтарылғаны туралы хабарланған.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

**Гиннес рекордтар кітабына енген әлемдегі сыйымдылығы жағынан ең үлкен көлік тұрағы Канадада орналасқан. «West Edmonton Mall» ірі сауда орталығының маңынан орын тепкен тұраққа бір мезетте 20 мың көлік сыяды екен.**

**Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

#ЖОЛДАУ2022

## *Стратегиялық 10 бастама:*

### Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту

***• Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты.***

***• Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.***

***• Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қараған жөн.***

***• Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы Заңды қайта қарау керек.***

***• Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.***

***• Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.***

***• Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.***

***• Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті, орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.***

***• Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады. Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ, оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.***

#РЕФЕРЕНДУМ2022




### ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІНЕН:

**Құрметті референдумға қатысушы!**

• Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

• Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі болып табылады.

• Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

• Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеңізді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

• 2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеңізде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

***Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!***

**ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**




САРАПШЫ ПІКІРІ



**Дәулетбек РАЕВ,**
*филос.ғ.д., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, ЖОО-нан кейінгі білім беру кафедрасының профессоры*

# Халық игілігін көздейді

Ағымдағы жылдың 16 наурызында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған **«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»** атты Жолдауында жалпы Қазақстанның жүйелі трансформациясына ықпал ететін және мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуының жаңа парадигмасын айқындайтын саяси реформалардың **10 басым бағытын** белгілегені аян. Сондағы көзделген саяси реформа – Екінші Қазақстанның стратегиялық жаңа парадигмасы болары анық. Бұл – егемен елдің жаңа дәуіріндегі халық игілігіне қызмет ететін бірден-бір саяси бетбұрыс тұғырнамасы.

Халық назарына ұсынылып отырған Конституциялық жаңаруға **сараптамалық пікірдің құптарлық жақтары төмендегідей:**

– Қоғамның және елдің өміріне жан-жақты ықпал ететін елдің саяси жүйесін қайта іске қосудың өршіл мақсаттар аясында аталған іргелі өзгерістер бес негізгі бағытта жүргізілетіні сенім ұялатады. Түптеп келгенде, олардың бәрі Жаңа Қазақстан саяси жүйесін терең демократияландыруға бағытталған.

– Әсіресе, суперпрезиденттік басқару формасынан мықты президенттік республикаға түпкілікті көшу идеясы орынды болмақ.

– Мәжілістің рөлін күшейту, Конституциялық Сот құру бағытында мемлекеттік билік тармақтарының тежемелілігі мен тепе-теңдігі жүйесін одан әрі жетілдіру азаматтық қоғам құрудың жолдарының бірі деп айтуға болады.

– Сайлау жүйесін демократияландыру – аралас пропорционалды-мажоритарлық модельге көшу саяси билікті либерализациялау үдерісін білдірсе керек. Бұл да оң қадам.

– Мәслихаттардың рөлін, әсіресе, олардың дербестігін арттыруға қадам нағыз демократиялық сана мен әлеуметтік-саяси мәдениетті қалыптастыру көзі дей аламыз.

– Өлім жазасына тыйым салынуы – гуманистік ұстанымнан туындаса керек.

– Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің санатының ұлғайтылуы құптарлық іс. Бұл халықтың мәмілегерлік мәдениетті құрметтеуіне апаратын жол.

– Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту мәселелері бойынша жеке заңның болуы құптарлық іс. Бұл шын мәнісінде құқықтық мемлекетті қалыптастыруға, сөз бостандығын қамтамасыз етуге және заңның үстемдік құруына мұрындық болмақ.

– Конституцияның 6-бабының 3-тармағының: «Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Мемлекет халық атынан меншік иелігін жүргізуге құқылы. Жер, сондай-ақ, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» деп редакциялануы мемлекетке сенімді еселей түспек. Міне, бұл – «Халық үшін мемлекет» концепциясының іске асырылу үлгісі болмақ.

Енді кейбір ұсыныстарға жол берсек:

– «Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын иеленуге құқығы жоқ» дейтін 43-баптың 4-ші тармақшасы біздегі ресми құжаттарда ұстанған меритократиялық ұстанымға қайшы келмес пе деген ой туады. Бұл эмоциялық бейілдікке негізделген тұжырым болып көріне ме деген сезімге итермелейді. Әрине, бұл біздің жеке пікіріміз, ол тым субъективті де болуы мүмкін. Алайда, Ата Заңда ондай сенсорлық деңгейде айтылатын тұжырымдардың хатталуы қаншалықты сауатты болатыны ойландырады.

– «Келісу комиссиясы» деген сөз тіркесі «Мәмілегерлік комиссия» немесе «Мәмілелік комиссия» деген сөз тіркестерімен ауыстырылса қалай болады.

– «Саяси партияларды тіркеу рәсімін оңайлату» деген бөлімдегі «оңайлату» деген сөз ауызекі тілде қолданылады, ал құжат тілінде «жеңілдету» немесе «оңтайландыру» десе дұрыс болар еді.

– 83-1-баптың 3-тармақшасындағы «Қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайларды қоспағанда, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін атқару мерзімі кезеңінде Сенаттың келісімінсіз тұтқындауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауапқа тартылуға жатпайды» дейтін тұжырым қарапайым халықтың түсінігіне өте салмақ салып, оны түсінбейтін жағдайға әкеледі деген пікірдеміз.

– 71-баптың 4-тармақшасында «Конституциялық Сот судьяларының қызметі депутаттық мандатпен; оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды» дегендегі соңғы сөз тіркестері де түсініксіздеу болып көрінеді.




ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**
*Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик:*



## Әділетті Қазақстан заң салтанат құрғанда ғана орнайды

Жаңа Қазақстанды конституциялық реформа арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін екенін жұртшылық жақсы түсініп отыр. Қоғам мен билік қарым-қатынасы түбегейлі жаңаша қарқын алу керектігі күн тәртібіне көтерілуде.

Конституциялық өзгерістер еліміздің саяси дамуының іргетасын қалайды десек, артық айтқандық емес. Осыншама тағдыршешті шешім әдеттегідей Парламент қабырғасында шешіле салмай, бүкілхалықтық референдумға шығарылуы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясының құр ұран емес, нақты нәтижеге негізделген іс-қимыл екенінің айқын дәлелі.

«Жаңа Қазақстан дегеніміз – Әділетті Қазақстан» деген Мемлекет басшысының бастамаларына қолдау көрсету біздің қолымызда. Референдумға қатысып, үн қосу арқылы өзіміздің конституциялық құқымызды пайдаланамыз, әрі әділетті Қазақстанды құруға қадам жасаймыз.

Әділетті қоғам заңдар салтанат құрғанда ғана орнайтындығы әлемдік практикада бар нәрсе. Енді осы үрдісті Жаңа Қазақстан орнатуда да ту етіп ұстағанымыз абзал. «Айттым – бітті» деген «суперпрезиденттік» билік келмеске кететін болады. Президенттің туыстары билік тұтқаларын ұстамайтын болады. Пәрменді Парламент төрге шығып, халықтың тікелей өзі (тек партиялық тізіммен ғана емес) сайлаған депутаттар халық үнін билікке жеткізеді деген үміт оты пайда болуда. Енді сол арманды шындыққа айналдырайық десек, референдумнан қалыс қалмайық, ағайын!

Заң үстемдік еткен елде ғана әділеттік орнайтынына сенетін әрбір азаматты референдумға қатысып, ел болашағын айқындауға атсалысуға шақырамын.



**Мәншүк ТОҚТАРБЕКҚЫЗЫ,**
*заң ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор:*

## Саяси үлгіні өзгертетін қадам

Бәріміз бірге биыл еліміздегі жүргізілгелі отырған құқықтық саяси бағытта қайта қалыптасуымыздың алғышарты болатын қадамның куәсі әрі қатысушы болу мүмкіндігін иеленгелі отырмыз. Қазақстандық қоғам дамуы мен мемлекеттің жаңа жағдайдағы негізгі қырларын айқындау мақсатында халықаралық тәжірибеге сүйенген конституциялық реформа жүргізу мәселесі көтеріліп отыр. Президентіміз халықтың өзі реформаларымыздың жүзеге асырылуына атсалысып, белсене қатысуын қалайды. Конституциялық реформаның мақсаты – саяси үлгіні өзгерту.

Республикалық референдум – Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының және мемлекет тіршілігінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелері жөніндегі шешімдері бойынша бүкілхалықтық дауыс беру. Бұл референдумның нәтижесінде болатын кең ауқымды және маңызды өзгерістер Қазақстанның жаңа бағытта дамуына оң әсер етеді деп сенеміз. Конституциямызға енгізілетін 56 түзету Ата Заңымыздың 33 бабын қамтиды. Бұл дегеніміз – негізгі құқықтық құжатымыз Конституцияның үштен бірінің өзгеруіне әкеледі. Бұның өзі қолға алынған реформалардың қаншалықты ауқымды әрі іргелі екенін көрсетіп отыр.

**Рустам ҚАЙРЫЕВ,**
*Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі:*



## Болашағымызды бірге құрамыз

Біз, Алматы қаласының этномәдени бірлестіктерінің өкілдері өзіміздің азаматтық борышымыз бен болашаққа деген жауапкершілігімізді сезіне отырып, Мемлекет басшысының ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар қабылдау мәселесі жөніндегі жалпыұлттық референдум өткізу туралы бастамасын қолдаймыз.

Президенттің референдум өткізу туралы тарихи шешімі жаңа және әділетті Қазақстанды құру жолындағы үлкен қадам. Бұл ел азаматтарына жаңа және тең мүмкіндіктер жасай отырып, саяси бәсекелестікті күшейтеді.

Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз ету ісінде өзіміздің азаматтық ынтымағымызды білдіре отырып, біз Алматы қаласының барлық тұрғындарын, олардың ұлтына, діни сенімдеріне қарамастан, бірігуге, азаматтық ұстаным танытуға және алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырамыз.

Бұл еліміздің болашағы үшін, мемлекетіміздің одан әрі үдемелі дамуы, халқымыздың әл-ауқаты мен гүлденуі үшін қажет.

Біз ортақ болашағымызды бірге құрамыз!

*Материалдар Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес «Alataý Aqparat» ЖШС-нің тапсырысы бойынша шығарылды. Жауапты тұлға – Т.Р.Данияров. Басылым атауы – «Almaty aqshamy». Бейсенбілік таралымы – 6413 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.*

#КОНСТИТУЦИЯ2022






ҚОҒАМДЫҚ ШТАБ

# ЖАСТАР РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАЙДЫ

**Қаламызда референдумның маңыздылығын түсіндіру жұмыстары жалғасып жатыр. Осы ретте Референдумды қоғамдық қолдау штабының мүшелері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жиын өткізді.**



Іс-шараға қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері де қатысып, студенттер мен жастардың көкейтесті сұрақтарына жауап берді. Жиынға қатысушылар Конституцияға енгізілетін өзгерістерге қоғам түгелдей атсалысу керектігін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, референдумның саяси жүйені халықпен бірге ақылдасып отырып өзгерту екендігі айтылды. Ол көпшілік қалауын ескеру, халыққа таңдау жасауға құқық беру екені де атап өтілді.

«Реформа мен референдумды бір деп ойлайтын замандастарымыз аз емес. Бұл – біздің кінәміз. Жастармен дидарласып, жиі пікір алмаспаймыз. Желідегі онлайн байланыс офлайнды алмастыра алмайтынын түсіндік. Білгеніңді жеткізіп, тәжірибемізбен бөлісу әрқайсымыздың борышымыз деп білемін. Кейбір жастардың елдегі болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытпайтынын да көріп жүрміз. Тіпті, референдумның қажеті қанша деген пікірмен жүргендері де жетерлік. Осы таптаурындарды бұзып, жастарымыздың саяси сауаттылығын арттыруымыз қажет», – дейді тележүргізуші Ерқанат Көпжасар.

Жиын барысында референдум келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін маңызды сәт екендігі айтылды. Жиынға қатысушыларды бүкілхалықтық дауыс беру арқылы Жаңа Қазақстанның Ата Заңын өзгертуге бірге атсалысуға шақырды.

**Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.**

ЖИЫН

**Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Алматы қалалық мәслихаты депутаттарының бастауымен Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру мақсатында жиын өтті.**

# БІЗДІҢ ЖОЛЫМЫЗ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Кездесу барысында референдум ұғымы, оның нысандары және өткізілу шарттары туралы ақпарат берілді. Сондай-ақ, өзгеріске енгелі отырған 33 баптың 56 жаңалығын түсіндіріп өтті.

«Президентіміз Конституцияға енгізілетін өзгерістерді жалпыхалықтық референдумға шығару жайлы ұсынысын айтты. Біз бұл бастамаға барынша қолдау білдіреміз. Референдум дегеніміз – халықтың саяси еркіндігін тікелей білдіретін құрал. Жарияланған саяси жаңаруды жұртымыз тікелей түсініп, өз болашағы өз қолында екенін сезіну үшін бүгін бізге осындай зор тарихи мүмкіндік беріліп отыр және осы мүмкіндікті барынша ұтымды пайдаланып, демократиялық жаңғыру жолына түсуіміз қажет», – дейді Алматы қалалық мәслихатының депутаты Константин Федор.

Жиынға 30-дан астам өнер ұжымы қатысты. Әрқайсысы көкейде жүрген сауалдарын ортаға салды. Жаңа өзгерістер мен күтілетін нәтиже бойынша ашық пікір алмасу өтті.

РЕФЕРЕНДУМ 2022

# КЕЛЕШЕККЕ НАҚТЫ БАҒДАР



**Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің профессор-оқытушылары Ата Заңымызға енгізілетін өзгертулерге байланысты «Дөңгелек үстелде» бас қосты.**

**Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі Болат Жоламанұлы Ата Заңымыздағы президенттік билікке ерекше мәртебе берген «қазақстандық ерекшеліктің» коррупция мен жағымпаздыққа негіз болғанын тұжырымдай келе, пікір алмасуға шақырды.

Университеттің әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Серік Қапанұлы Конституциядағы өзгертулер ең алдымен жастардың қоғамдағы болашақ дамуына жол ашатындығын атап өтіп, «Дөңгелек үстел» жұмысының сәтті өтуіне тілек білдірді.

Тарих ғылымының докторы, Әлеуметтік пәндер кафедрасының профессоры Бақдаулет Тұрбекұлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік қызметіндегі екі жыл ішінде әр саланы қамтитын реформалар жасағанын, ол билік пен азаматтар арасындағы сенімді нығайтатын «Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасының жалғасы деп атап көрсетті.

Жиын соңында қорытынды сөз сөйлеген саяси ғылымның докторы, ӘП кафедрасының профессоры, «Аманат» партиялық ұйымының жетекшісі Алтынай Мұхамбедьярова Мемлекет басшысының негізгі бастамаларына тоқталып өтті.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы тыныштық көпұлтты халықтың өмір сүру деңгейінің жоғары болуына, заманауи технологияларға сүйенген гүлденген экономикаға, сыртқы саясатта тең құқылы қарым-қатынасқа негізделуі қажеттігін бірауыздан атап өтті.

ТАЛҚЫЛАУ

# БОЛАШАҚТЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ





**Алмалы ауданында орналасқан Жедел медициналық жәрдем станциясының ұжымында Конституциялық реформаны түсіндіру мақсатында оған енгізілетін түзетулер түсіндірілді.**

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Кездесуге қалалық штаб мүшесі, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Алмат Қодасбаев, Алмалы аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Альбисенов және Алматы қаласы Jas Otan ЖҚ төрағасы Әкежан Кеңесов қатысты.

«Референдумды өткізу үшін халықтың басым бөлігінің қатысуы қажет. Сондықтан да біз Amanat партиясындағы әріптестерімізбен бірге еліміздің Ата Заңына өзгерістерді түсіндіру бойынша жұмысқа белсене кірісіп кеттік. Президенттің Конституцияға өзгерістер енгізу, яғни республикалық референдум өткізу туралы шешімі – бұл біздің болашағымызды бірге құруға және топтасуға шақыру деп түсінген абзал. Алдағы 5 маусымда әрқайсымыз осы іс-шараға қатысып, жаңа Қазақстан тарихының парақтарын жазуға өз үлесімізді қоса аламыз», – деп атап өтті Алмат Қодасбаев.

Жалпы, Алматы қаласы бойынша 11 жедел жәрдем қосалқы станциясы жұмыс істейді.

КОНСТИТУЦИЯ 2022

**Абай атындағы ҚазҰПУ-да конституциялық реформаларды түсіндіру мақсатында «Саяси процестің жаһандық мәселелері» атты конференция ұйымдастырылды. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұртөре Жүсіп, Динар Нөкетаева, оқу орнының ректоры Дархан Біләлов, Amanat партиясының қалалық штабының мүшелері – Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әміржан Нәбиев пен Тимур Нұртаев, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы және жастар істері жөніндегі басқармалардың, студенттік өзін-өзі басқару органдарының төрағалары, белсенді студенттер қатысты.**

# «САЯСИ ПРОЦЕСТІҢ ЖАҺАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ»



**Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Университет ректоры Дархан Біләлов біздің мемлекеттілігіміздің дамуының жаңа кезеңіне қадам басып келе жатқанымызды атап өтіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел болашағы үшін өте маңызды қадам жасағанын, саяси реформалардың қажеттігін және Конституция алдында барлығы бірдей тең екенін айтты.

«Ата Заңда барлық азаматтардың мүддесі ескерілуі тиіс. Референдум – жаңа Қазақстанды құрудағы алғашқы нақты және батыл қадам. Баршаңызды таңдау жасауға шақырамын», – деді ректор.

Кездесу барысында спикерлер ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы егжей-тегжейлі айтып, еліміздің қолданыстағы Конституциясына ұсынылатын түзетулер демократияны нығайтуға, заңның үстемдігіне бағытталғанын атап өтті. Референдум – жаңа Қазақстанды құрудағы нақты қадам, ал саяси реформалардың басты тетігі Президенттің ұсынған конституциялық өзгерістеріне халықтың қолдау көрсетуі болып табылады және әрбір қазақстандық елдің дамуына өз үлесін қосуы тиіс.

Нұртөре Жүсіп жаңа Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне елеулі серпін беретінін атап өтті, өйткені өзгерістер халықтың үнін еститін және оның пікірін ескеретін мемлекеттің негіздерін ескереді. Сенатордың айтуынша, әділеттілік, тәртіп, бірлік және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту Конституцияның құндылықтары болып табылады.

Сенатор Динар Нөкетаева реформалар халықтың қажеттіліктеріне және уақыттың сын-қатерлеріне жауап беретінін атап өтті. Ол білім және ғылым саласындағы өзгерістер, педагог мәртебесін арттыру бойынша мемлекет жүргізіп жатқан шаралар туралы айтып, жас мұғалімдерді қолдау мүмкіндіктерін ілгерілету және жас ғалымдарға отандық ғылымды дамыту үшін көмек көрсету арқылы ауыл мектептерін кадрлармен қамтамасыз ету қажеттігіне тоқталды.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары референдумның мақсатын нақты түсіндіріп, қатысушылардың қызықтыратын сұрақтарына жауап берді.

*Насихаттық материал Amanat партиясы қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының тапсырысы бойынша «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағына сәйкес шығарылды, жауапты тұлға – Отыншиев Мейіржан Батырбекұлы. Басылым атауы – «Almaty aqshaty». Бейсенбілік таралымы – 6413 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.*

САРАПТАМА

# ДОЛЛАРДЫҢ ДӘУРЕНІ БІТЕ МЕ?

## Төл теңгеміздің мәртебесі арта түсетінінен үміт бар

**Алматыдағы бүгінгі доллар бағамы 416,91 теңге. Осыдан бір жарым ай бұрынғы 515 теңгеге жеткен бағам жоқ. Мегаполистегі айырбас пункттеріндегі доллар тапшылығы да байқалмайды.**



Доллар 500 теңгеден асқанда шетел валютасының көлеңкелі саудасының қызғаны, тіпті жасырын жолмен АҚШ валютасының 800 теңгеге сатылғаны да есімізде. Бір сөзбен айтқанда, күні кешегі жер тепкілеп долданған айбарлы доллар жоқ. Теңгенің де еңсе тіктей бастағаны айқын байқалады.

Еуразиялық одақтағы басты әріптесіміз Ресейдің ұлттық валютасы да нығаю үстінде. Соған қарамастан, Украинадағы жағдайға байланысты Батыстың Ресейге санкциялары күн артқан сайын күшейе түсуде. Жасыратыны жоқ, оның әсері де байқалып қалды.

Еуропаның кейбір елдері Ресейден тасымалданатын тауардың тоқтатылуына байланысты баға нарқының өсуіне тап болып отыр. Бұл туралы жақында Италияның ресми өкілі мәлімдеді.

Ал Венгрия үкіметінің басшысы Ресейге салынған санкция тоқтатылмаса, өз елінде азық-түлік тапшылығы болатынын ашық айтты.

Осының бәрі – әлемдік валюта нарқына тікелей әсер ететін факторлар. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы да Ресей мен Украинаның астығы болмаса, алдағы жылы әлемнің біраз елінің аштыққа ұшырайтынын жасырмай айтты.

Доллар – теңге – рубль үштігіне осы құбылыстардың тікелей әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Қазір Украинамен соғысып жатқан Ресей тұрғындары бұрынғыдай емес, өз елі айырбас нарқынан шығарған долларды айтпағанда, рубльден де үмітін үзе бастаған сияқты.

Тұтастай ТМД аймағында қазіргі кезде үш валютаға сұранымның артқаны байқалады. Олар – юань, түрік лирасы, қазақ теңгесі.

Көптеген ресейліктер рубльді теңгеге айырбастауға кірісті деген деректер айтылуда. Ал бұл нені білдіреді? Өз заманында Еуразиялық одақтың ортақ валютасын заңдастыру туралы әңгіме болғанын білеміз.

Әлбетте, ортақ валютадан алдымен рубль үмітті болатын. Одан кейінгі доминациялы валюта теңге деп танылды. Рас, ол әрекет сөз жүзінде қалды. Алайда, соңғы оқиғалар жасанды түрде нығайтылып отырған Ресей рублінен гөрі теңге позициясының мықтырақ екенін көрсетеді.

Дереккөздерге қарағанда, ресейліктер алдымен әлемдегі екінші экономика саналатын Қытайдың юанына қызығушылық танытқан көрінеді. Алайда, көп ұзамай олардың таңдауы түрік лирасына түскен.

Оның да себебі бар. Украинадағы соғысқа байланысты ресейліктер Түркиядан көптеп үй сатып ала бастады деген ақпараттар бар. Оның үстіне түрік мемлекеті ресейліктердің өз елдеріне туристік сапармен келуіне шектеу қойған жоқ.

Десек те, соңғы деректерге қарағанда, Түркияның қаржылық-экономикалық жағдайында да кінәрат жеткілікті. Өткен жылдың өзінде түрік лирасы 142 айызға құнсызданған. Оның үстіне Түркиядағы жылдық инфляция көлемі биыл 70 пайызға жетіп отыр.

Осыны ескергені болар, ТМД көлемінде, оның ішінде Ресейде қазақ теңгесіне сұраным артқаны байқалады. Ал оның қаншалықты прогресі немесе кері әсері барын әзірге дөп басып айту қиын.

Бүгінгі таңда белгілі болып отырғаны, күні кеше тәлтіректеп қалған теңгенің Еуразиялық кеңестікте еңсе тіктей бастағаны ғана.

Жасыратыны жоқ, макроэкономикаға бағдар ұстаған Қазақстанның қаржылық экономикалық тұрақтылық тұрғысындағы басты көзірі – мұнайы мен түсті металы. Басқаша айтқанда, теңгенің басты демеушісі – Каспий мұнайы.

Әлемдік мұнай нарқына келсек, қазір Brent маркалы майдың бағасы күрт өскені байқалады. Бүгінгі Brent маркалы мұнайдың бір баррелінің құны 112,2 доллар.

Бұл да болса, қазақ теңгесінің нығаюына әсер ететін басты фактордың бірі. Ресми дереккөздерге қарағанда, қазақ мұнайын шетелге экспорттау антиресейлік санкциялар кезінде де штатты режимде жалғасып жатыр.

Сәйкес ведомстволардың берген деректеріне қарағанда, қазақ мұнайы негізінен Ресей арқылы құбырмен және теңіз арқылы тасымалданады.

Украинадағы соғыстан соң АҚШ-тың Ресейден тасымалданатын мұнайдың басқа да қуат көздерінің импортына тыйым салғаны белгілі. Санкциялардың басында Еуроодақ бұл эмбаргоға қосылған жоқ. Соған қарамастан, 1 баррель мұнайдың құны 130 долларға дейін шарықтады.

Іс жүзінде мұндай көрсеткіш осыдан 14 жыл бұрын ғана байқалған болатын.

Теңгенің тағдыры тікелей тәуелді мұнайға байланысты есте ұстайтын тағы да бір жайт бар. АҚШ-тың Ресей мұнайынан бас тартуының Қазақстанға әсер етпей қалуы мүмкін емес. Алайда, таяуда АҚШ қаржы министрлігі ресейлік мұнайдан және басқа да қуат-көздерінен бас тартудың Қазақстанға бөлендей әсер болмайтынын ресми түрде мәлімдеді.

Демек, теңге тағдырына тікелей әсер ететін қазақ мұнайынан, оның қайтарымынан үміт бар деген сөз. Соңғы кездегі ұлттық валютаның еңсе тіктеп нығая бастауын сарапшылар осымен түсіндіреді.

Ең басты мәселе ТМД аумағында Қытай юанынан, түрік лирасынан гөрі қазақ теңгесіне сұранымның өсіп отырғанында. Соған қарағанда төл валютамыздың мәртебесі арта түсетінінен үміт бар тәрізді...

**Өмірзақ МҰҚАЙ.**

КЕЗДЕСУ




# ЖАҢА МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС БАР

**«Алматыэлектротранс» ЖШС мен Логистика және көлік академиясы бірігіп жұмыс істеу туралы келісімге келді.**

**Досбол АТАЖАН**

Алматыда «Алматыэлектротранс» ЖШС мен Логистика және көлік академиясы өзара ынтымақтастық және жас маман даярлау мәселесі бойынша кездесу өткізді.

Онда Маман даярлау мәселесі бойынша ортақ семинар сабақтарын өткізу, мамандардың біліктілігін арттыру сабақтарын ұйымдастырып, оларға сертификат беру; біріккен ғылыми-зерттеулік жобалар жасау; өзара тәжірибе және академиялық ақпаратпен алмасу; күндізгі тәртіппен академия білім алушыларының оқу-танысуын, өндірістік, диплом алдындағы практикасын және тағылымдамасын бірлесіп ұйымдастыру және жүзеге асыру сынды мәселелер талқыланды.

Жиынға Логистика және көлік академиясының президент-ректоры Салтанат Әмірғалиева, «Алматыэлектротранс» ЖШС-ның мамандарды басқару және кеңсе бөлімінің басшысы Айгүл Жұртпаева, Коммуналдық автобус паркінің директоры Е.Сембаев, сонымен қатар, өзге де компания қызметкерлері мен ЖОО профессорлары қатысты.

«Осы уақытқа дейін қоғамдық көліктерімізді жөндеу үшін аутсорсинг бойынша жеке компанияларға жүгінетінбіз. Ал таяудан бері жөндеу жұмыстарын өзіміздің қызметкерлеріміз атқарып келеді. Сондықтан бізге логистика саласының жаңа мықты мамандары керек. Біздің компанияның Логистика және көлік академиясымен біріге жұмыс істеуі екі тарапқа да пайдасын тигізеді деп ойлаймын», – деді «Алматыэлектротранс» ЖШС-ның мамандарды басқару және кеңсе бөлімінің бастығы Айгүл Жұртпаева.

МӘСЕЛЕ

# ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ

## құрығына түспес үшін не істеу керек?

**Бүтінде еліміз бойынша қаржы пирамидасына алданғандар саны 30 мыңнан асып жығылады.**

**Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Халықты «инновациялық жоба», «жоғары табысты бизнес», «бірегей тиімділігі жоғары ұйым» деп алдайтын алаяқ компаниялардың құрығына түспес үшін не істеу керек? Осы тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеп көрдік.

### ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Мұндай «эксклюзивті» инвестициялық жобаны таба алатын көптеген өлшем бар:

1. Жоғары пайыздық төлемдер, 50–100%-ға дейін жетеді.
2. Қаржылық пирамида әдеттегі адамдар түсінбейтін нақты шарттармен жарнамаланатын құзыретті жарнамамен сипатталады.
3. Тәуелсіз дереккөздерге негізделе алатын нақты ақпараттың болмауы.
4. Қаржы пирамидасының ерекшелігі шетелде ақша қозғалысы болып табылады.
5. Ұйымдастырушылар мен үйлестірушілер туралы деректердің болмауы.
6. Кеңсесі жоқ және жарғы болмайды. Ресми тіркеуді растайтын құжаттардың жоқтығы.
7. Басқа мемлекеттегі мәмілелерді сақтандыру.

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

Бұл туралы қаржыгер Айсәуле Бекен қаржы пирамидаларында нақты тауарлардың ұсынылмайтыны, олардың тек адам санымен ғана жұмыс істейтінін айтады:



«Көбінесе пирамида үшін заңды инвестициялық жоба қабылданады, әсіресе егер ол өртеніп кетсе және алынған қаржының басым бөлігі ерте инвесторларға төленетін болса. Алайда, олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қаржы пирамиданың белгісі емес екенін сұрайтындар инвестициялық компания өзінің қызметін жасырмайды деп айтуға тұрарлық. Егер сіз қаласаңыз, оның негізін қалаушы және көшбасшы болып табылатын компанияны әрқашан біле аласыз және осы компания қандай салаға инвестиция салады.

Мұндай ұйымға қосылмас бұрын Интернетте бұл туралы оқып, инвесторлармен әңгімелесіп, олар тұрақты төлемдерді ала алатынын және қандай мөлшерде екенін біле аласыз. Қаржылық пирамида адамдар санының көбеюімен жұмыс істейді, ал адал компанияда инвестор қанша адам осы жобаға қызығушылық танытса да, ақшасын алады», – дейді маман.

Соңғы 5 жылда елімізде «қаржы пирамидасын құру» бабы бойынша 600-ге жуық қылмыстық іс қозғалған. ҚР Қылмыс Кодекстің 217-бабына сәйкес мұндай алаяқтықпен айналысқандарға 7–12 жыл бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

### «АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНДЫМ»

Осындай қаржы пирамидасының құрбанына айналған Назерке Еркебаева алаяқтардың «тәтті» өтірігіне қалай алданып қалғанын баяндап берді:

– Тұрақты жұмыс таппай қиналып жүрген кезім болатын. Бөле әпкем «Qnet-ке» кірсең, жақсы ақша табасың» деп біраз уақыт бойы айтып жүрді. «Сол компанияға кіргендер қазір шетелде қыдырып жүр, өзімізден кішкентай қыздар машина алып жатыр. Ал басқалары несиелерін 1-2 айда жауып тастаған» деп қызықтырғасын, мен де кіремін деп бел будым. Бірақ алдымен 800 мыңнан жоғары ақша салу керек. Өзімде ақша болмағасын, несиеге өтініш қалдырдым. Тұрақты жұмысым жоқ болғандықтан, несие бермеді. Интернет арқылы «несие алып береміз» деген адамдарға хабарласып, ақыры 1 200 000 теңге алдым. Оның 400 мыңын несие алып берген адамға сыйақы ретінде қалдыруым керек болды. Ал 800 мыңды аталған қаржы компаниясына салдым. Осыдан кейін бүкіл жағдай өзгерді. Бастапқыда «шетелге тегін жолдама беріледі» деген сөздер жалған болып шықты. Қолыма тек бір карточка ғана берді. Егер артымнан адам жинап кіргізсем ғана сол карточкаға бонус түсетінін айтты. Артымнан 3 адам ғана тіркедім, солардан бар-жоға 5–10 мың ғана бонус түсті. Ал мен салған ақшамды қайтаруым үшін қаншама адамды сол алаяқтардың арбауына түсіруім керек десеңізші. Қазір не ақша жоқ, не жұмыс жоқ. Тек 1 миллионнан асатын несием ғана қалды.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Рая ЕСКЕНДІР

# БІЛІМНІҢ БИІГІНДЕМІЗ!

**Алматы мектептерінің ауласын «Гүлдерге толды омырау, Соғылды соңғы қоңырау!» деп ақын жырлаған күміс қоңырау үні кернеді. Үлкен өмірге аттанғалы тұрған мектеп бітіруші түлектердің жүзінен қимастық сезімі байқалса, жазғы демалысты сағынған бастауыш сынып оқушыларының жүзінен нұр төгіледі. Біз оқу жылын жоғарғы көрсеткішпен аяқтап отырған Алматы мектептерінің басшыларын сөзге тартқан едік.**




*Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ*



**Айсұлу ТЕМІРҒАЛИҚЫЗЫ, Мәншүк Мәметова атындағы №28 лицей директоры:**

## Батыр қызымыздың атына лайықпыз

Биылғы оқу жылын өте жақсы көрсеткіштермен аяқтағалы отырмыз. Мектептегі 1160 оқушының 270-і оқу озаттары, ал 45 түлегіміз білім ұясымен қоштасып, үлкен өмірге аттанбақшы. Жақында ғана PISA халықаралық білімді бағалау орталығы мектебіміздің білім сапасын саралады. Жақсы жетістікке қол жеткізетінімізге күмәнім жоқ. Жалпы, оқушыларымыздың қалалық, республикалық, халықаралық білім бәсекелерінен құр қол қайтқан кезі жоқ. Мұның барлығы еңбекпен, ізденіспен, ұйымшылдықпен жүзеге асатыны анық.

Күні кеше 2-сыныпта оқитын Мұрат Даниал деген оқушымыз АҚШ-та робототехникадан өткен Халықаралық чемпионатта жүлдемен оралса, Халықаралық ғарыш саласы олимпиадасына қатысқан оқушыларымыз 1-орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, V Халықаралық бизнес саласы бойынша өткен доданың да жүлдесін жеңіп алдық. Бір жыл бойы мектебіміз Алматы қаласы әкімінің қолдауымен Мәскеу жоғары экономика мектебі жүргізіп жатқан «Алматы мектептері» бағдарламасына қатысып, біліктілігімізді арттырдық. Бұл – біздің білім жүйесіне қатысты ең шоқтығы биік жетістіктеріміз.

Ал ең бастысы, биылғы жыл біздің мектеп үшін өте айрықша болып отыр. Шығыстың жарық жұлдызы Мәншүк Мәметованың туғанына – 100 жыл толады. Мәншүк Мәметова 1931 жылы қазіргі біздің мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1937 жылы 7-сыныпты аяқтаған соң рабфакқа оқуға түседі. Сол тұста соғыс оты бұрқ етіп, өз еркімен майданға аттанған екен. Қазір біздің мектепте Мәншүк отырған парта әлі күнге сақтаулы тұр. Ол парта мектеп-мұражайының ең басты құндылығы.

Біз осынау мерейтой аясында «100 игі іс-шараны» қолға алған едік. Мектебімізде түрлі байқаулар, сынып сағаттары, кездесулер өтіп жатыр. Қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова қаза тапқан Новель қаласындағы №5 мектеппен тығыз байланысып отырамыз. Мәншүкке Кеңес Одағының Батыры атағын берген күнге орайластырып, еске алу кешін өткіздік. Жыл сайын еске алу кешіне қатысатын Мәншүктің туған апайы Әмина Мәметова да былтыр індеттен қайтыс болып кетті. Батыр қызға арналған Оралдағы мұражаймен, Алматы мұражайларымен бірлесіп, үлкен іс-шара өткіздік. Санкт-Петербургтегі Әлия Молдағұлова атындағы №140 мектеппен де тығыз байланысып отырамыз. Біздің мектебімізде атақты ақын Олжас Сүлейменов те оқыған. «Олжастың сыныбы» бар. Онда «Олжас оқулары» тұрақты өтіп тұрады.



**Фатима АЛИАКБАРОВА, №148 мектеп-гимназиясының директоры:**

## Биіктен көрініп келеміз

Мектебімізде дәстүрлі «Соңғы қоңырау» жиыны өтіп, өте ерекше сәттің куәсі болдық. Мектептің оқушыларымен бірге олардың атаажелері, ата-аналары да болды. Биылғы оқу жылын 2100 оқушы аяқтаса, 130 түлек мектеп бітіргелі отыр. Олардың 14-і «Алтын белгі», 15-і «Үздік аттестаттан» үміткер. Мектеп оқушыларының қала өміріндегі қоғамдық жұмыстардан, мерекелерден шет қалған кезі жоқ. Осы оқу жылында да халықаралық, республикалық байқаулардың бас жүлделерін иемденді.

Жалпы, биылғы оқу жылын мектебіміз айтарлықтай табыспен аяқтап, сапа көрсеткішіміз 72 пайызға жетті. Бұл, ең алдымен ұстаздарымыздың еңбегі. Мектебімізде еңбек етіп жүрген 165 ұстаздың 8-і шебер-ұстаз, 63-і зерттеуші-ұстаз, 24-і сарапшы-ұстаз, 4-еуі республикалық «Үздік педагогі».

Сондай-ақ, «Әлемдік үздік педагогтан» үміткер Назгүл Мергенбаева да біздің ұжымда қызмет етеді.



**Қайрат ШӘДИЕВ, №178 лицей директоры:**

## Жауапкершілік жүгі ауыр

Міне, оқу жылының бір жылы да көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Біздің ұжым осынау уақыттың бәрін тиімді етіп өткізді. Қазіргі уақыт өте ұшқыр, әрі жаңалыққа толы. Сондықтан біз де сол жылдамдыққа ілесіп отыруымыз керек. Оның үстіне біздің мектеп ұжымы мен оқушыларына зор сенім жүктелген. Жауапкершіліктің жүгі ауыр, ал оны сезіну екі есе ауыр екені белгілі.

Биылғы жылы 218 түлегіміз мектеп бітіреді. Олардың 18-і «Алтын белгіден», 33-і «Үздік аттестаттан» үміткерлер. Мектебіміздің биылғы жылы қол жеткізген табысымен де таныстыра кетейін. Мектебіміздің дарынды оқушылары тек білім алумен ғана шектелмейді. Олар түрлі байрақты байқауларға қатысып, өз білімдерін сынға салып отырады. Осы жылдың өзінде мектеп оқушылары жаратылыстану-математика пәндері бойынша XIV Президенттік олимпиадада, «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсында, Информатика пәнінен өткен XIII Еуразиялық олимпиадада, Халықаралық Жәутіков олимпиадасында, математика пәнінен өткен Халықаралық Азия-Тынық мұхиты, «Жібек жолы» және Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша XII халықаралық зерттеу жобалар конкурсы мен «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша Халықаралық ғылыми жарыстардың жүлдегері атанды. Табыстарымыздың барлығы Балалар жылына деген тартуымыз.



**Гүлбағда ЕСЕЙХАНҚЫЗЫ, №176 мектеп-гимназиясының директоры:**

## Жүз пайыз үлгерім көрсеттік

«Он үште отау иесі» демекші, биыл біздің мектеп өзінің он үшінші түлектерін ұшырғалы отыр. Осынау жылдар ішінде мектеп оқушылары еліміздің білім жүйесіне өзіндік үлесін қосты. Мектеп бітірген түлектердің алды қазір өздері қалаған мамандықтарын игеріп, маман атанып отыр. Ал биылғы жылғы көрсеткішімізге келсек, нәтижемізге көңіл көншітеді.

Мәселен, биылғы 2021-2022 оқу жылын 2351 оқушы аяқтаса, олардың 590 оқу озаты, 933 оқушы екпінді атанып отыр. Жалпы, биылғы оқу жылын 72,1 пайыз сапамен, 100 пайыз үлгеріммен аяқтап отырмыз. Биылғы мектеп бітіруші 143 түлектің 16-сы «Алтын белгіден», 5- еуі «Үздік аттестаттан» үміткер. Сонымен қатар, мектебіміздің қол жеткізген табысымен де бөлісе отырайын.

Мәселен, биылғы жыл біз үшін толағай табысқа толы болды. Мектеп оқушылары пәндік химия, биология олимпиадаларының басты жүлдесіне, «Ақберен» республикалық өнер байқауында 1-орынға ие болды. Жас ғалымдар арасында өткен «Исатай Тайманов» атындағы білім бәйгесінде, «Алтын сақа» олимпиадасында жүлделі орындарды иеленді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін спортқа да ерекше мән беріп келеміз. Мектептің жас спортшылары әрдайым «Ұлттық лига» жүлдесі үшін спорттық бәйгеге қатысады. Балалар жылына арналған қалалық байқаудың 7 бағыты бойынша да қатысып, жүлдегер атандық.



**Руфинат БЕКДАЙЫРҚЫЗЫ, №108 жалпы білім беретін мектеп директоры:**

## Жыл бойғы еңбегіміз жемісті болды

Мектебімізде «Соңғы қоңырау» соғылып, үлкен әсерге бөлендік. Салтанатты жиынға мектеп оқушылары, ата-аналар, еңбек ардагерлері қатысты. Биылғы оқу жылын 1064 оқушы аяқтаса, олардың 258-і үздік, 373-і оқу озаты, 5-еуі «Алтын белгіге» үміткер. Мұғалім – мектептің жүрегі. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, еңбекқорлық керек. Мектебімізде осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік.

2021-2022 оқу жылы мектеп ұжымы үшін де үлкен жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде мектеп ұжымы бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде Алматы қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген кәсіби байқауларға 6 мұғалім қатысып, жүлделі I, II, III орындарға ие болып, мектебіміздің абыройын асқақтатты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, 2021-2022 оқу жылында мектебіміздің білімді оқушылары көптеген байқаулар мен сайыстарға, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысып, жеңіс биігінен көрінді.

Басқаларын айтпағанда, «Мағжан оқулары» мен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған байқауда жеңімпаз атанған оқушыларымыздың еңбегі ерекше. «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында 10-сынып оқушысы Аружан Тоғаева «QAZAQ EPOS»-тың «Тұлпар мініп, ту алған» атты республикалық ағарту жобасының қалалық кезеңінде II орын иеленіп, 350000 теңгелік серификатпен, ұстазы 700000 теңгелік сертификатпен марапатталды. Осынау табыстың барлығы да еңбекпен, ізденіспен келеді. Сондықтан бұл біздің бір жыл бойғы еңбегіміздің жемісі деуге болады.

Мектеп оқушылары аудандық «BALAFEST» фестиваліне де қатысып, бірнеше бағыттар бойынша жеңімпаз атанып, қалалық кезеңге қатысуға жолдама алды. Мектеп кітапханасы модернизациядан өтіп, заманауи үлгіде жабдықталды. Талапқа сай модернизацияланған кітапхана тек кітап оқитын орын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық әлеуетін іске асыратын орынға айналып, білім алуға деген талап-тілектерін шабыттандыра түсті деуге болады.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

# ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

## Ақшаға мұқтаж азаматтар алаяқтардың құрығына оңай ілінеді

**Қай өңірде болсын, ұялы телефон арқылы қоңырау соғып, «жеке деректерің менің қолымда, атыңнан несие рәсімдеймін» деп қорқытатын алаяқтар азаймай тұр. Тіпті, олар азаматтардың жеке деректерін пайдалану арқылы қашықтан басқарып банк қосымшасына дейін кіре алатын болған. Осылайша электрондық цифрлы қолтаңбаны заңсыз бұзып, жеке деректерге қол жеткізген алаяқтар несие рәсімдейді.**



Былтыр Алматыда 400-ге жуық азамат осындай алаяқтарға алданған. Банк қызметкерлері мұндай жағдайда шарасыз екені белгілі. Негізгі жауапкершілік – азаматтардың өзінде. Жақында дәл осындай алаяқтың құрығына ілінген Айман есімді алматылық заңгерге хабарласып, кеңес сұраған.

*«Бірде анам айлығы жетпегесін несие алып, бұрын алған несиелерді жауып тастағысы келді. Сол тұста Инстаграм әлеуметтік желісінен анама белгісіз бір адам достық жіберіп, «Банк қызметкерімін. Банкте қара тізімге ілінгендерге несие алып беремін. Маған нөміріңізді жазып жіберіңіз. 7 млн теңге қарыз аласыз, маған оның тек 10 пайызын ғана бересіз. Алдымен белгілі бір банкке 350 мың теңге салыңыз» деп жазып жіберген. Анам оған сеніп, 350 мың салып, сұраған кодты алаяққа жазып жіберген.*

*«Банкке салмастан бұрын бір мекенжайға келіңіздер, сіздерді сырттан көріп, бақылап отырамын. Менеджер қыздарға ескертіп қоямын» депті. Аты-жөнін, қызметін сұрастырғанбыз, «оны не істейсіздер, сенімді адаммын, тәжірибелі маманмын, біраз адамға несие алып бердім» деп сендірді. Кейін қайта хабарласып, банк сіздердің өтініштеріңізді мақұлдады, 7 млн беретін болды» деді. Бірақ артынан не 350 мың жоқ, не 7 млн жоқ. Алаяқ із-түзсіз жоқ болып кетеді»,* – дейді Айман.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

**Гүлзат МЕРГЕНӘЛІҚЫЗЫ, заңгер:**

### АЛАЯҚҚА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Бүгінде жеке банк картаңыздан ақша аударып алғысы келетіндер өте көп. Олардың әрекет ету жолын, айла-тәсілін айтып жеткізу мүмкін емес. Алаяқтардың қай жерде, қандай айлаға баратынын білмейсің. Тіпті, ең сақ деген адамның өзі алданып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Бірақ шынайы банк қызметкерлері ешқашан сіздің есепшотыңыз бен картаңыз туралы мәліметті сұрамайды. Осыны есте сақтаған жөн.

Алаяқтықтың ең көп тараған түріне интернет-дүкендерде тауарларды сату туралы хабарландыруларды орналастыру жатады. Әдетте, алаяқтар клиенттерін тауар немесе ұсынылатын қызметке төмен баға қойып тартады, оны мерзімнің тығыздығымен байланысты түсіндіреді. Сатып алушылардан ақшаны электрондық есепшоттарға немесе банк картасына аудару арқылы алдын ала төлемді немесе толық төлемді енгізуді сұрайтын алаяқтар мақсатына жеткесін, телефон нөмірлерін өшіріп, жоқ болып кетеді. Осындай қылмыстарға қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында Ішкі істер министрлігі бірқатар ұйымдастыру-практикалық шаралар қабылдап, барынша әрекет етуде.

Сондай-ақ, алаяқтар хабарландыру бойынша қоңырау шалып, жәбірленушілерге тауар үшін кепілақы алуды ұсынады. Аудару үшін картаның нөмірін хабарлауды сұрайды. Біраз уақыттан кейін ол қайтадан қоңырау шалып, ақша аудару үшін қажет болатын телефонға келіп түскен SMS-кодты хабарлауды сұрайды. Код алаяқтарға интернет-банкингті қосу үшін қажет. Тіпті, азаматтардың ұялы телефондарына банк өкілдері атынан хабарласып, банк клиентінің картасынан рұқсатсыз ақша аударылғаны туралы хабарлайтындары да бар. Операцияны бұғаттау үшін пластикалық картаның деректерін, оның ішінде CVV-кодтың артқы жағында көрсетілген мәліметтерді нақтылауды ұсынады. Одан әрі карта туралы берілген деректер пайдаланушының шотынан ақша аударымдарын жүргізу үшін пайдаланылады. Ақша қаражатын аудару үшін оларға картashоттардың деректемелерін беруді немесе дербес шоттардың деректемелерін көрсете отырып, сауалнаманы толтыруды сұрайды. Қажетті ақпаратты алғаннан кейін алаяқтар шоттардағы ақшаны иемденіп кетеді. Одан бөлек, соңғы уақытта азаматтардың жеке деректерін әртүрлі тәсілдермен иеленіп, олардың атынан микрокредиттік ұйымдарда онлайн-несие ресімдеу де көбейіп барады.

### ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Алданып қалған азаматтар полицияға барып арыз жазуы керек. Іс тіркеліп, қаралады. Арнайы сайт арқылы алаяқты іздейді. Тапқаннан кейін алаяқ пен жәбірленушіні кездестіріп, бетпе-бет сөйлестіреді. Егер алаяқтың ісі бойынша ол жәбірленушіге ақшасын қайтарып беріп, араларында келісім болса, 190-баптың 1,2 бөліктерімен іс сотқа жетпей жабылады. Ал алаяқ қомақты қаржы алып, топтасып қылмыс жасаса, Қылмыстық кодекстің 190-бабының 3,4 бөліктері бойынша іс сотқа жетеді. Сотқа берген жағдайда медиация арқылы алаяққа тағы бір мүмкіндік береді. Топтасып алдаған болса, сотталады.

Қазіргі күні көп жағдайда алаяқтарды табу өте қиын. Көбіне ақшаға мұқтаж азаматтар, әсіресе, студенттер алаяқтардың құрығына оңай ілінеді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

***Азаматтарға өзі қолданатын компьютерде, смартфонда лицензиясы бар және вирусқа қарсы бағдарламалардың орнатылуын қадағалауды; автокөлік, пәтер ұтып алғаны туралы хабарлама алған жағдайда, өзіне таныс емес адамдардың электрондық есепшоттарына ешуақытта ақша аударуға; интернет арқылы сауда жасағанда алдын ала ақшалай қаражатты жіберуге болмайтынын; егер банк картаңыздың бұғатталғаны туралы телефоныңызға қоңырау шалса немесе СМС-хабарлама жіберілсе, онымен байланысқа түспестен бұрын, ресми колл-орталығына қоңырау шалу керектігін; интернет желісі арқылы ұшақ, теміржол билеттерін сатып алуда тек сенімді ресми сайттарды ғана қолдану; электрондық поштаңызға, әлеуметтік желідегі аккаунттарыңызға және телефоныңызға келіп түскен белгісіз интернет-ресурстарға сілтеме арқылы кіруге және онда көрсетілген сұрақтарға жауап беруге болмайтынын; ЖСН, банк реквизиттері, геомәліметтері бар фотоларды ашық көздер бойынша беруге және жариялауға болмайтынын маман ретінде ескертемін.***

ПОЛИЦИЯ

# Жалған нөмірмен жүрген 91 көлікті ұстады

**Шаһарда «Қорғау – қауіпті жүргізуші» жаңа жүйесінің алғашқы қорытындысы шығарылды.**



Алматы қаласы әкімшілік полициясының мәліметінше, «Қорғау – қауіпті жүргізуші» базасына жалған мемлекеттік нөмірлері бар және сақтандыру полисі жоқ, шетелде тіркелген МТНБ бар көліктер туралы мәліметтерді енгізу бойынша күнделікті жұмыстар жүргізілуде.

«*Бүгінгі таңда ақпараттық базаға жалған нөмірлері бар 766 көлік, сондай-ақ, сақтандыру полисі жоқ 549 шетелдік нөмірі бар көлік құралдары енгізілді. Сонымен қатар, мақсатты іс-шараларды өткізу кезеңінде алдыңғы шептегі бөлімшелердің қызметкерлері 91 көлік ұстағанын, кейіннен олар айыппұл тұрағына орналастырылғанын хабарлаймыз. Сондай-ақ, әртүрлі жол қозғалысы ережелерін бұзған 12 мың 994 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды*», – деді Алматы қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Аманбек.

Бөлімшенің хабарлауынша, қалада жалған мемлекеттік нөмірлерді пайдаланатын, көлік құралдарына арнайы белгі беру құрылғыларын орнатқан көлік жүргізушілерін, сондай-ақ, көлікті мас күйінде басқарған азаматтарды жауапкершілікке тарту бойынша мақсатты жұмыстар жалғасуда.

МӘЛІМЕТ

**Биыл 1 вице–министр, 2 судья, 3 генерал жемқорлық фактісімен ұсталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс–қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектеновтің айтуынша, жыл басынан бері жалпы 1000–нан астам пара алу жағдайы тіркеліп, 600–ден астам адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.**

# 1000-нан астам пара алу жағдайы тіркелген

«*Елімізде тәртіп орнату, экономикамызды монополиядан босату жөнінде Президенттің тікелей тапсырмасымен жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде 220 млрд теңгеден астам қаражат бюджетке қайтарылды.*

*Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағыты бойынша да белсенді жұмыс атқарылып келе жатыр. Жақында ғана агенттік қызметкерлері Көліктік бақылау комитетінің жұмысын талдады және құзыретті органдарға тиісті ұсыныстар енгізді»,* – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектенов.



**Бетті дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ВОЛЕЙБОЛ

# СПОРТТА ЖОҚ ШЕКАРА

**Алматы қаласында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен Олжас Сүлейменовтің жүлдесіне арналған волейболдан ардагер командалар арасында XV Халықаралық турнир болып өтті.**



Спорттық іс-шараға ҚазҰАЗУ Басқарма төрағасы-ректор, академик Тілектес Есполов, Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері: ақын, дипломат және әдебиеттанушы Олжас Сүлейменов, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев, Амандық Баталов, Ғани Қасымов және т.б. көрнекті тұлғалар қатысып, турнирге қатысушыларға лебіздерін білдірді.

Тілектес Есполов өскелең жастар, студенттер әр дәуірдің белесінде танылған атақты тұлғалардың іс-әрекеттеріне қарап бой түзейтінін, тәрбие алатынын, бүгінгі жас ұрпақ үшін ерлік пен берік азаматтық ұстанымның символына айналған осындай ірі тұлғаның бірі – Олжас Сүлейменов екенін атап өтті.

«*Ол әлемге танылған арқалы ақын ғана емес, халықаралық дәрежедегі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, көп жылдар бойы Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы Тұрақты өкілі болып қызмет атқарған ізгі жүректі азамат. Сонымен қатар, волейбол спортының шын берілген жанкүйері, өзі де талай жылдар бойы университетіміздегі турнирлерде өнер көрсетіп келеді. Университетте 2004 жылдан бастап зияткерлік, жоғары мәдениетті және көптілді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «Олжас Сүлейменов атындағы әлеуметтік-гуманитарлық білім және тәрбие институты» жұмыс істейді. Олжас Омарұлының өзі де аталған орталықта студенттермен жиі кездесіп, ақ батасын беріп жүр*», – деді ректор Т.Есполов.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың спорттық қырынан дамуына тұрақты түрде ерекше көңіл бөлінетінін атай кеткен жөн. Студенттер арасында да, сондай-ақ университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы арасында да салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Мысалы, профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлері арасында спорттың 8 түрінен «Денсаулық» спартакиадасы; университет студенттері арасында спорттың 15 түрінен дәстүрлі факультетаралық спартакиада; футболдан Т.Сегізбаевтың, волейболдан О.Сүлейменовтің жүлдесіне және О.Жарылғаповты еске алуға арналған турнирлер дәстүрлі түрде өтеді. Сондай-ақ, ЖОО-да спорттың 16 түрі бойынша спорттық секциялары бар спорттық клуб жұмыс істейді. Соның ішінде волейбол, футбол, бокс, еркін күрес, самбо, дзюдо, таэквондо, тоғызқұмалақ, шахмат, атлетикалық гимнастика секцияларының қатысушылары республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуде.

– *Атап айтқанда, 2021 жылдың 4-5 қарашасында Санкт-Петербург қаласында өткен ардагерлер командалары арасында «ATLETTA VOLLEY CUP» халықаралық волейбол турнирінде біздің команда 1-ші орынға ие болды! ҚазҰАЗУ командасы Мәскеуден келген «Луч» және Санкт-Петербургтен келген «Солтүстік Пальмира» сияқты ең мықты командаларды жеңді. КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.В.Кильчевскийді (Мәскеу) еске алуға арналған XXXII дәстүрлі халықаралық турнирдің және «SPB Volley Master 2021» (Санкт-Петербург) турнирінің чемпиондары атанды. ТМД елдерінің бірде-бір ардагерлер командасы мұндай жетістікке қол жеткізе алмағанын атай кеткен артық болмас*, – деді Т.Есполов.

Жоғарыда аталған спорттық нәтижелер ҚазҰАЗУ тек білім мен ғылым саласында ғана емес, спортта да көшбасшы екенін тағы да дәлелдейді. Оқу орны республикадағы ардагерлер волейболының бірегей базасына айналды және бұқаралық спортты дамытуға үлкен үлес қосты.

Ардагер командалар арасындағы XV халықаралық волейбол турниріне таңдаулы деген 10 команда қатысты. Жанкүйерлеріне қызықты ойын мен шуақты көңіл күй сыйлаған волейбол мерекесінде ардагер спротшылар өздерінің бар шеберліктерін көрсетті.

Нәтижесінде төрт команда жартылай финалға шықты: «Атамекен-AGRO» (Нұр-Сұлтан қаласы, команда капитаны Ерлан Тасыров), «Ташкент» (Өзбекстан, Каримжан Рахимкулов), «ҚазҰАЗУ» (Алматы қаласы, Тілектес Есполов), «Жетісу» (Алматы облысы, Дәулет Имандосов).

Ал финалда бақ сынасқан «Атамекен-AGRO» мен «ҚазҰАЗУ» командалары арасындағы додада бас жүлдені агроуниверситеттің ардагерлері қанжығасына байлады. Ал жүлделі үшінші орынға таласқан «Жетісу» мен «Ташкент» командаларының арасында көрші елдің қонақтарының бағы жанды. Ардагер командалар арасындағы XV Халықаралық турнирдің жеңімпаздарын ақын Олжас Сүлейменов құттықтап, жүлделерін табыстады.

ШАХМАТ

# Зейінділер анықталды

**Шахматтан Қазақстан чемпионатының жартылай финалы аяқталды. Аталған жарыс бұл жолы еліміздің батыс өңірі Ақтауда ұйымдастырылды.**

Жарыс жеті күнге созылған. Бәсекеге Республикамыздың әр жерінен 67 ер, 26 нәзік жандылар қатысқан. Қазақстан Шахмат федерациясы және «Дебют» шахмат мектебінің бастауымен өткен жарыс Ақтауда үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр.

Чемпионаттың қатысушылары 9 тур ойнады. Әр турда ойыншыларға ойлану үшін 90 минут берілді және әр жүрістен кейін тағы 30 секунд қосылып отырды. Орта есеппен әр ойын 4 сағатқа созылды, – деді «Дебют» шахмат мектебінің директоры Ануар Шайхымов.

ҚР чемпионатының жартылай финал қорытындысы бойынша ерлер арасында Шымкент қаласының шахматшысы, ФИДЕ шебері Әбілқайыр Әбілмансұр 1-орын алса, 2-орынды Павлодар қаласының спортшысы, шахматтан халықаралық спорт шебері Константин Казаков, ал қола жүлдені Ақтөбе қаласының спортшысы, шахматтан халықаралық спорт шебері Арыстанбек Ұразаев еншіледі. Ал Маңғыстау облысынан қатысқан 12 жасар Эдгар Мамедов 7 және 11 орын аралығындағы ерекше нәтиже көрсетті.



Әйелдер арасында 1-орынды Шымкент қаласының шахматшысы Сұлтанбек Зейнеп, 2-орынды Алматы облысынан келген Қалиахмет Елназ алса, 3-орын Қарағанды қаласының спортшысы Папандопуло Кристинаға бұйырды. «Дебют» шахмат мектебінің директоры Ануар Шайхымовтың айтуынша, жүлделі орындарға ие болған алты шахматшы қазан айында Ақтау қаласында өтетін суперфиналға жолдама ұтып алды.

– *Маңғыстау облысы шахматтан ел біріншілігінің жартылай финалын үшінші рет қабылдап жатыр. ҚР чемпионатының финалын өткізу құқығы да бізге бұйырып отыр. Финалда бәсекелестік жоғары деңгейде болады. Себебі, еліміздің ең мықты деген шахмат шеберлері келеді,* – деді Ануар Шайхымов.

КҮРЕС

# Шын мықты жығыла қоймайды

**Европа кубогы сарапқа салынды. Аталған сайыс Испанияда болды. Жарысты өткізу орны ретінде Малага қаласы таңдалды. Біздің балуандар үшін белдесулер сәтті өтіп, үш жүлдеге қол жеткізе алдық.**

Жуырда ғана Алматыда өткен Бекет Махмұтовты еске алуға арналған турнирде 63 келі салмақта сынға түсіп, қарсылас шақ келтірмеген Есмигүл Куюлова бұл жолы да асқан шеберлік танытты. Бәсекелестерін бірінен кейін бірін жолынан ығыстырған ол алтыннан алқа тақты. Жалпы, соңғы кездері Есмигүл өте табысты өнер көрсетіп жүр. Жерлесіміз бұған дейін де бірнеше дүбірлі додада дара талантымен оқшауланып, елішілік додаларда алдына жан салмай келеді.

Аса ауыр салмақ дәрежесінде күш сынасқан қазақтың қос қызы – Карина Тәкиева мен Аида Тойшыбекова да жеңіс тұғырына көтерілді. Тек ақтық сайыста ғана сәтсіздікке ұшыраған Карина күміспен күптелсе, жартылай финалда сүрінген Аида қола медальды мойнына ілді.

Алда байрақты бәсекелер ұйымдастырары анық. Сондай шақтарда белдескеннің белін үзіп, сайыстың нағыз көркін қыздыратын сәттер боларына сенеміз.

ФУТБОЛ

# Біздің бала сұраныста

**Жалпы, қазақ футболының абыройын алаңда көтеріп жүргендер онша көп емес. Десе де, олар еліміздің атын танытып, біздің ала доп шеберлерінің ешкімнен кем еместігін дәлелдей бастады.**



Дәлірек, Ресей чемпионы «Зенит» Қазақстан құрамасының қорғаушысы Нұралы Әліпті жыл соңына дейін қалдырады. Ресурстың мәліметінше, қазақстандық тарап қарсылық білдірмеді.

– Санкт-Петерборда олар ойыншыны кем дегенде жылдың соңына дейін қалдыруды көздеп отыр. Бұл ақпарат жақында болған сұхбатта айтылды. «Қайрат» мұны қолдайды. Клубта қазір проблемалар бар – қожайыны қамауда, сондықтан Әліпті қайтару мәселесі бірінші кезекте емес, – деді жағдаймен таныс дереккөз.

Әліп «Қайратқа» тиесілі, бірақ 2022 жылдың ақпанында «Зенитке» жалға өткен болатын.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

**Польшаның Владиславово қаласында өткен WTT Youth Contender турнирінде қазақстандық үстел теннисшісі Алан Құрманғалиев табысты өнер көрсетті.**

# Шеберлігін дәлелдеді



Аталған додада 33 мемлекеттен келген 260 спортшы бақ сынады. 15 жасқа дейінгілер арасында қазақтың өреніне тең келер ешкім табылмады. Ол қатарынан жеті кездесуде жеңіске жетіп, бас жүлдені олжалады. Финалда қарағандылық жас шебер франциялық Антуан Нуарадан басым түсті. Жарыс аяқталған бетте үстел теннисінен Республикалық федерацияның президенті Данияр Әбілғазин жеңімпаз бен оның жеке бапкерін құттықтады. «Бұл табыстың кездейсоқ еместігі анық. Осы деңгейге жету үшін Алан Құрманғалиев көп еңбектенді. Соңғы уақытта ғана ол ITTF санатындағы халықаралық жарыстарда 13 медаль алды. Соның арқасында қазақ спортшысы 15 жасқа дейінгілер арасында әлемдік рейтингте көш бастап тұр. Мен Алан және оның жеке жаттықтырушысы Елмира Әлиеваны жарқын жеңістерімен құттықтаймын», – деді Д.Әбілғазин.

Сондай-ақ, Құрманғалиев 17 жасқа дейінгі ойыншылар арасында күміс медальді иеленді. Бәсеке барысында Джузеппе Каларко (Италия), Егор Ларков (Литва), Пётр Гавлас (Польша), Рохелио Кастро (Мексика), Ли Хоюн (Оңтүстік Корея) және Натана Ламаны (Франция) ұтқан ол финалда Оңтүстік Кореяның тағы бір өкілі О Чжун Сунуға есе жіберді.

БОКС

# Реванш

**GGG және Альварес жекпе–жегі туралы айтылғалы біраз болды. Көпшілік екі боксшының қайта жұдырықтасуын күтіп жүргені айқын. Жуырда қазақстандық боксшы жанкүйерлерінің құлағын елең еткізді.**

Отандасымыз Геннадий Головкин мен мексикалық Сауль Альварес арасында үшінші жекпе-жек өтетін болды. Бұл туралы GGG Инстаграм желісіндегі жеке парақшасында ресми хабарлады. Қос боксшы арасындағы трилогия биыл 17 қыркүйекте өтеді. «17 қыркүйекте кездескенше», деп жазды Головкин.

Айта кетейік, Головкин мен Альварес арасындағы алғашқы екі жекпе-жек те Лас-Вегастағы (Невада, АҚШ) T-Mobile Arena-да өтті. 2017 жылы қыркүйекте тең нәтиже тіркелді. Ал тура бір жылдан кейін өткен екінші кездесуде Альварес төрешілер шешімімен жеңіске жетті.

**Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**

Almaty AQSHAMY
№58 (6193) 26 мамыр, 2022 жыл



МАМАН

# МЕДБИКЕ МӘРТЕБЕСІ

**Қазіргі таңда еліміздің денсаулық сақтау саласында 187 мыңнан астам орта буынды медицина қызметкері еңбек етіп жүр. Солардың қатарында Алматы қаласының Алатау ауданында орналасқан «Зерделі» ықшамауданындағы №29 қалалық емханада ақ халатына кір шалдырмай жүрген 165 мейірбике де бар.**



Екі жыл қатарынан кәсіби біліктілік байқауында 1-ші және 2-ші орынды иемденген №29 қалалық емхана қаланың 53 мыңға жуық тұрғынына қызмет көрсетеді. Осынша адамның денсаулығын бақылап, олардың сырқатынан айығып кетуіне мейірбикелердің қосып жүрген үлесі зор. Емханадағы 10 «Денсаулық мектебін» мейірбикелердің жүргізетіндігі де олардың өз жұмысын дербес ұйымдастыра алатындығының жарқын мысалы болса керек. Пандемия кезінде де барлық төтенше жағдайға төтеп бере алатындығын ісімен дәлелдей білген емхана дәрігерлерімен қатар, медбикелерге де үлкен жауапкершілік жүктелгені белгілі. Сол еңбектерінің нәтижесінде емхананың 15 қызметкерінің есімі қаладағы көрнекті орындарда орналасқан «Алғыс тақтасына» жазылып ілінді. Ал емханаға келген әрбір науқас Бақыт Өтепова, Нұргүл Тикембаева, Тоты Сағындықова, Мөлдір Калиякова, Әсел Өтеғұлова, Розгүл Сакиева секілді қолы шипалы, емі дауа мейірбикелер мен орта буын медицина қызметкерлерінің қызметіне дән риза.

– *Қазір денсаулық сақтау саласында мейірбикелерге үлкен жауапкершілік жүктеліп, орта буынды медицина қызметкерлерін дайындаудың жаңа модельдері енгізілуде. Бұрын біз мейірбикелерге дәрігерлердің тағайындауын орындаушы ретінде ғана қарап келсек, бүгінде олар дәрігерлердің тең серіктесіне айналып, дербес қабылдауды, динамикалық бақылауды, ақыл-кеңес беретін, ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде оқыту және патронажды қызметті жүзеге асыратын, скринингтік тексерулерді, вакциналау және басқа да бірқатар диагностикалық ем-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болып отыр. Кіші мейірбикеден бастап, мейірбике ісі бойынша PhD докторына дейін «Мейірбике ісі мамандығын даярлаудың көпдеңгейлі жүйесі» енгізілді. Жұмыс істейтін мейірбикелер үшін жеделдетілген және икемді даярлау бағдарламалары бойынша жоғары және орта білімнен кейінгі медбикелік білім алуға мүмкіндік беретін академиялық және қолданбалы бакалавриаттың біріктірілген бағдарламасының, «Медбике ісінде білім, тәжірибе және ғылымның үштұғырлығы» жол картасының қабылдануы, оларды денсаулық сақтау саясатын айқындау мәселелеріне тарту, мейірбикелер арасында көшбасшылық әлеуетті дамыту да мейірбике ісінің мәртебесін арттыра түсуде,* – дейді Алматы қалалық №29 емхананың бас мейірбикесі, жоғары санатты мейірбике Эльмира Әбиева.

Иә, дертіне шипа іздеп келетін әрбір жанға емімен қатар, мейірімін де сыйлап жүрген медбикелердің мәртебесі өскені бізді де қуантады. Олардың еңбегі құрметке әбден лайық.

**«Бұрын біз мейірбикелерге дәрігерлердің тағайындауын орындаушы ретінде ғана қарап келсек, бүгінде олар дәрігерлердің тең серіктесіне айналып, дербес қабылдауды, динамикалық бақылауды, ақыл-кеңес беретін, ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде оқыту және патронажды қызметті жүзеге асыратын, скринингтік тексерулерді, вакциналау және басқа да бірқатар диагностикалық ем-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болып отыр».**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## Тәлімді тәлімгер



**Алматы қалалық Қан орталығының қан және оның компоненттерін дайындау бөлімінің аға медбикесі Айнұр Әлмесова өзінің ақ халатты абзал жан болатынын бала кезінен-ақ байқататын.**

Өзге қыз балалар қуыршақ ойнауға жақын болса, кішкентай Айнұр керісінше, сол қуыршақтарды тексеріп, дәрі жазып беріп ойнайтын-ды. Мектеп бітірген жылы медициналық университетке құжат тапсырған, бірақ ұпайы жетіңкіремей қалды. Әйтсе де, тауы шағыла қойған жоқ. Алматы қаласындағы «Аяжан» медициналық колледжіне құжат тапсырып, «Мейірбике ісі» бөлімі бойынша оқуға қабылданды.

Содан бері зымырап жиырма жыл өте шығыпты. Айнұр өзі қалаған мамандығы бойынша абыройлы қызмет атқарып келеді. Оның қолынан ем-шара қабылдаған науқастар үнемі «Айналайын, қолың жеңіл екен, емің дертімізге шипа болсын!» деп алғыс айтқанда, мерейлене түседі.

Бірде құрбысының туысы науқастанып, Айнұр қалалық Қан орталығына қан тапсыруға келген болатын. Орталықтағы мейірбикелердің жұмысы, орталық қызметкерлерінің келген адамдарға деген ықыласы оны бірден баурап алғаны. Ертесі Қан орталығының кадрлар бөліміне жолығу туралы шешім қабылдады. Жолы болып кетті. Бала күтіміне байланысты демалысқа кеткен бір мейірбикенің орны уақытша бос екен, сол орынға қабылданды. Айнұр ертесіне-ақ орталық қызметкерлерімен бұрыннан бірге жұмыс істеп келе жатқандай тез бауыр басып кетті. Тәулігіне қаншама адам ет жақынының өмірін сақтап қалу үшін қан беру арқылы күрессе, жүрегінің тамырлары адамгершілік қағидаларымен өрілген ерікті донорлардың өзі танып, білмейтін адамдардың өмірін сақтап қалу жолында қан беріп, біреуге өмір сыйлап жатқанын көрген Айнұрға бұл орталық қайырымдылық орталығы сияқты көрінген. Оған «қаңтар оқиғасы» кезіндегі ерікті донорлардың қайсарлығы тағы көзін жеткізді. Донорлар өзінің өміріне қауіп төніп тұрғанына қарамастан, жараланған жауынгерлеріміздің, полиция қызметкерлері мен бейбіт тұрғындардың өмірін сақтап қалу үшін қан тапсыруға үздіксіз келіп жатты. Ал сол оқиға кезінде орталық қызметкерлерінің өзі де бастама көтеріп, қан тапсырған болатын.

Сөйтіп, 2010 жылы Алматы қалалық Қан орталығына донор болып келген Айнұр орталықтың медициналық мейірбикесі лауазымы бойынша жұмысқа қабылданып, біржола осы орталықта қалып қойды. Өз жұмысына жауапты, кәсібін жетік меңгерген Айнұр Кенебайқызы қазіргі күні орталықтың ең үздік медбикелерінің бірі. Жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға білгенін үйретуден жалықпайтын тәлімді тәлімгер.

**Н.БАЙСАҚАЛ.**

СӘТТІ ОТА



## Қауіп жоқ

**Алматылық дәрігерлер жағдайы қиындап келген пациент өмірін сақтап қалды. Орталық қалалық клиникалық ауруханасы нейрохирургия бөлімінің дәрігерлері жоғары технологияларды пайдалана отырып, жедел түрде ота жасады.**

Рентгеноваскулярлық стенттеу деп аталатын операция нәтижесінде пациенттің өміріне төніп тұрған қауіп сейіліп, инсульттің алды алынды.

Орталық қалалық клиникалық ауруханасының баспасөз қызметі өкілдерінің айтуынша, өздеріне жеткізілген 60 жастағы ер адам басы айналып, қатты ауырғанын айтып шағымданған. Оған қоса, аяқ-қолы жансызданып, көру қабілеті нашарлап кеткен. Медициналық тексеру барысында мойындағы күре тамыр 90 пайызға тарылғаны белгілі болып, ұйқы артериясының стенозы деген диагноз қойылған.

*«Күре тамырға пункция жасалып, атеросклерозға шалдыққан тамырға катетер орнаттық. Сол арқылы тамырдың тарылған тұсына стент қойылып, оның қанды өткізу қабілеті толық қалпына келтірілді. Манипуляциялар толығымен рентген сәулелердің көмегімен, арнайы жоғары технологиялық ангиографиялық аппарат арқылы жүргізілді»,* – дейді нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі дәрігер Марат Алматов.

Ота сәтті өткен. Қазір пациенттің жағдайы жақсарған.

Естеріңізге сала кетсек, Орталық қалалық клиникада тұрғындарға мидағы қан тамырларына жасалатын жоспарлы және шұғыл оталардың барлық түрі жүргізіледі. Операциялар, соның ішінде жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын манипуляциялар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен тегін жүргізіледі.

МӘМС

## Өтке жүзден астам тас жиналған



**Алматылық дәрігерлер өтіне жүзден астам ұсақ тас жиналған пациентке ота жасады. №1 қалалық клиникалық аурухананың баспасөз қызметінің хабарлауынша, 72 жастағы пациент бауыр тұсы үнемі шаншып ауыратынын айтып шағымданған.**

Оның өт қабынан 100-ден астам ұсақ тас табылған. Хирургтар лапароскопиялық қондырғылардың көмегімен ота жасап, қабынған өт қабын алып тастады. Жоспарлы операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған. Пациент отадан кейін алтыншы күні ауруханадан шыққан.

Бұрын мұндай оталар дәстүрлі әдіспен жасалатын болса, қазір хирургтар шағын инвазивті тәсіл – лапароскопиялық операцияға басымдық береді. Себебі, ол науқастың тез арада айығып, хирургиялық манипуляция салдарынан ішектердің жабысып қалу қаупін төмендетеді.

№1 аурухананың көп бейінді хирургиялық бөлімі меңгерушісі Марат Менаяқовтың айтуынша, көбіне пациенттер «өт қабын сақтап қалуға бола ма, жоқ па?» деген сұрақ қойып жатады.

*«Өкінішке орай, тасты алып тастап, өт қабының өзін қалдыруға болмайды. Өйткені, қабынып тұрған өт қабы кейін де тас пайда болуына әсер етеді. Мен оны тұрып-тұрып, байқаусызда жарылатын бомбаға теңер едім. Себебі, ұсақ тастар көшіп, өт жолдарына тас байлану және механикалық сарыауру, өттің қабынуы сынды дерттерге әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Сол себепті, тас байланған жағдайда өтті алып тастаған дұрыс. Және отаны шұғыл жағдайға жеткізбей, жоспарлы түрде, пациентті дайындап, денсаулығын әбден тексеріп барып жасаған жөн»,* – дейді М.Менаяқов.

КЕРЕК КЕҢЕС



## Ұйқыңыз қалай?

**Ұйқысыздықтың пайда болуына жарақат әсерінен жүйке жүйесі қызметінің бұзылуы, невроз, психоз, ми аурулары (әсіресе, ми тамырларының атеросклерозы), ішкі органдар мен эндокринді бездің сырқаттары әсер етеді.**

Дені сау адамдарда да қажудың, ойға берілудің, белгілі уақытта ұйықтамаудың (түнгі мезгілдегі жұмыс, кешкі сабақтар), т.б. салдарынан ұйқы бұзылады. Жас ұлғайған сайын, мұның өзі организмнің осы жастағы физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Ұйқысыздықты емдеу үшін алдымен оның себебін анықтау керек. Сізді ұйқысыздық мазалап жүрген болса, ұйқыны жақсартатын жақсы әдеттерді айтайық.

Ұйықтар алдында кітап оқыңыз, жағымды музыка тыңдаңыз, ыстық ванна қабылдаңыз. Ұйқы алдында дене жаттығуын жасамаңыз, ауыр тамақ жемеңіз, сусынды аз ішіңіз. Жатын бөлмеңіздегі компьютерді, телевизорды басқа бөлмеге ауыстырыңыз, олай жасау мүмкін болмаса, жатар алдында оған жоламаңыз.

Ұйқының бұзылуы туралы алаңдап, мазасызданбай, ұйықтар алдында жағымды ойлар ойлау керек. Оянатын уақытыңыздан ерте тұрыңыз. Бұл ұйқының дұрыс кестесін жасауға көмектеседі.

Түнімен жұмыс істегеннен немесе басқа себептерден болатын ұйқының бұзылуы белгілерін дәрі арқылы кетіруге болады. Бірақ қандай да бір дәрі қабылдамас бұрын, дәрігермен кеңесу керек.

Кофе, темекі сияқты қоздыратын нәрсе қабылдамаңыз, кофеиннің әсері 8 сағатқа дейін созылады. Ішімдік ішпеңіз. Кейде ішімдік тез ұйықтап кеткенге көмектесер, бірақ жиі-жиі ояна беруіңіз мүмкін.

**Бетті әзірлеген**
**Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

МЕРЕЙ



# Қамқорлық пен мейірімділік

**Димаш Құдайбергеннің туған күні Малайзияда ерекше аталып өтті. Қазақстандық әншінің фанаттары қатерлі ісікпен күресіп жатқан балаларға көмектесті. Мереке Джорджтаун қаласындағы ауруханада өтті. Димаш фан-клубының мүшелері мен олардың достары 35 балаға ойыншықтар, кәдесыйлар және жеке гигиена құралдарын сыйға тартты.**

«Димаш – бәрі бір-бірін ойлайтын, біртұтас әлемді көруді армандайтын, қазақтың аса құрметті өнерпазы. Оның жырларындағы лебіздері көптің жүрегін елжіретіп, игі істерге баулиды. Димаш балаларды қолдайды, өйткені олар – біздің болашағымыз. Оның туған күніне орай, жанкүйерлері қатерлі ісікке шалдыққан балаларға қолдау көрсетіп, оларға сыйлықтар жіберу арқылы махаббат пен қуаныштарын бөлісуді ойладық. Бұл олардың көңіл күйлерін көтеріп, емделу жолында олардың жүздеріне күлкі сыйласын», – деді Димаштың жанкүйерлер клубының әкімшісі Азуа Али.

Қазақстан елшілігінің өкілі фан-клуб пен аурухананың кішкентай емделушілеріне Қазақстанға байланысты естелік сыйлықтар табыс етті. Әдеттегідей, туған күн дастарханында Димаштың бейнесі бар торт болды. Қазақстандық әнші 28 жасқа толды. Оның жанкүйерлері Малайзияда жыл сайын 24 мамырда кумиріне арналған түрлі шаралар өткізіп келеді.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

# «Сақиналар әміршісі»

**Ағылшын жазушысы Джон Р.Р.Толкиннің ең танымал роман-эпопеясы «Сақиналар әміршісі» қазақ тілінде оқырманына жол тартты. Еуразиялық халықаралық кітап жәрмеңкесінде «Сақиналар әміршісі» трилогиясының қазақ тіліндегі бірінші бөлімі қалың оқырманның назарына ұсынылды. Алғаш рет түпнұсқадан қазақ тіліне аударылған трилогияның екінші және үшінші бөлімдерін 2022 жылдың соңына дейін басып шығару жоспарланған.**

«Сақиналар әміршісі» роман-эпопеясын автор 1937 жылы бастап, 1948 жылы аяқтаған. Содан бері кітап 38 тілге аударылған.

«Фэнтезидің атасы» атанған Джон Толкин таңғажайып Жерорта әлемін құрды. Ол тек жазушы ғана емес, әдебиет ғылымының докторы, суретші, профессор, филолог-лингвист болған. Міне, осындай білімділігінің, әмбебаптығының арқасында ол өз шығармаларында жасанды эльфтер, гномдар және орктер, т.б. арнайы тіл ойлап тапқан.

Солардың ішінде ең танымалы – эльфтер тілі. Тіпті, Оксфордта эльфтер тілін оқытатын арнайы курстар да бар. Ол-ол ма, туризм саласындағы феномен – Толкин-туризм де бар: «Сақиналар әміршісінің» жанкүйерлері




шығарма оқиғалары өтетін жерлерге саяхаттайды. Жазушы батырлық эпопеяны, ертегі мен шытырман оқиғалы романды біріктіріп, тамаша көркем туынды жасап шыққан.

Романның астарлы сыры мен мазмұнына терең бойлай отырып, ағылшын тілінен аударған – Алтынжан Иралиева.

БАЙҚАУ

# ҰЛТТЫҚ АСПАП ҰЛЫҚТАЛДЫ

## Алматыда «Домбыра-дастан» бірінші республикалық домбырашылар байқауы өтті



**Мерекелік іс-шара Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үлкен залында ұйымдастырылды. Үздік жас орындаушыларға жалпы құны 40 миллион теңге жүлде қоры тағайындалыпты. Кеш бойы қонақтар үшін Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің мүшелері өз өнерлерін көрсетті.**

**Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ**

– *Қарап отырсақ, байқау өте ерекше форматта ұйымдастырылған. Сондай-ақ, тартысты өтті деп айта аламыз. Бірінші айналымға талантты 545 бала қатысты. Келесі кезеңге 230 адам іріктелсе, 35 бала жүзден жүйрік атанып алға шықты. Жыл өткен сайын ұлттық аспабымызға қызғушылық танытатындар көбейіп келеді. Тіпті, Алматы қаласында 100-ге жуық үйірмелер бар. Бұл бізді қуантады,* – деді бас дирижер Абылай Тілепберген.

Байқаудың қорытындысы бойынша 9 домбырашы көптің арасынан суырылып шығып, жеңімпаз атанды. Әрқайсысына 2 миллион теңгеден 8 миллион теңгеге дейін қаржылай сыйлық табыс етілді. Аталмыш іс-шара «Сәби» қайырымдылық қорының қолдауымен өткен. Сонымен қатар, үздік деп танылғандар да қаржылай марапаттарға ие болды.

Байқау шарттарына сәйкес қатысушылар жас санаттары бойынша екі топқа бөлінді: балалар тобында 6 мен 11 жас аралығындағы күйшілер, ал жасөспірімдер тобында 12 мен 15 жас аралығындағы домбырашылар өнер көрсеткен.

– *Байқауға аз ғана уақыт аралығында дайындалдым. Бастапқыда толқыдым. Ұстаздарымның арқасында, тынбай еңбектенгенімнің арқасында жеңіске де жеттім. Кішкентай кезімізден домбыраның күмбірін естіп өскендіктен болар, күй дегенде жанымыз кіреді. Ұйымдастырушыларға, қатысушыларға ерекше алғысымды білдіремін. Қазақ халқының ұлттық өнері биіктей берсін,* – дейді «Домбыра-дастан» байқауының 1-орын иегері Сәрсенғазы Айтұмар.

Қазылар алқасының құрамында – қазақстандық музыка өнеріне еңбегі сіңген қайраткерлер, олардың арасында Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепбергенов, Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп директоры Нұркен Үшіров, профессор, күйші Айгүл Үлкенбаева, «Шабыт» университетінің оқытушысы және шертпе күй шебері Жанғали Жүзбай және т.б. болды.

*«Қазақтың озық дәстүрлеріне негізделген «Домбыра-дастан» жобасы қазақ музыка өнерінің жас жұлдыздарының ашылуына, ұлттық музыка мектебінің Қазақстанда да, халықаралық аренада да дамуына септігін тигізеді. Байқаудың жан-жақты шығармашыл бағдарламасы күй өнерін және музыканттардың мәртебесін жаңа деңгейге көтеретін бірегей музыкалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді»,* – деді байқаудың қазылар алқасының мүшесі, профессор Айгүл Үлкенбаева.

# НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



## Жүз жылдық махаббат...

**Өтетін орны:** М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
**Автор:** Дулат Исабеков.
**Режиссер:** А.Кәкішева.
**Күні мен уақыты:** 28 мамыр, 18.30.

## Қар қызы



**Өтетін орны:** Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.
**Автор:** Оралхан Бөкей.
**Қоюшы-режиссер:** Шағуан Үмбетқалиев.
**Күні мен уақыты:** 29 мамыр, 18.30.

## «Алматы кітап» жәрмеңкесі




**Өтетін орны:** Ш.Уәлиханов атындағы алаң, Ғылым ордасының алды, Шевченко–Пушкин көшелерінің қиылысы.
**Күні мен уақыты:** 28–30 мамыр аралығында. 10.00-20.00-де.

М.ӘУЕЗОВ – 125

# АБАЙҒА ТАҒЗЫМ

**Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің дүниеге келгеніне биыл – 125 жыл. Сондай-ақ, «Абай жолы» романының 80 жылдығына орай Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында «Ой толғау» атты мерекелік кеш өтті. Аталмыш шарада қазақ композиторларының ақын сөздеріне жазылған романстары орындалып, көрермен көңілінен шықты.**

«Адамның өз ойы болады, өз арманы болады. Көптен бері, Абай атамыздың шығармаларын топтап, жеке шығармашылық кеш өткізсем деген ойым болған. Аллаға шүкір, орындалды. Кешіміз көрермен қауымның көңілінен шықты деген ойдамын. Қарап отырсаңыз, ұлы тұлғалардың, Абайдың, М.Әуезовтің ұлағатты сөздерінде қаншама мән-мағына жатыр. Әр сөздерін саралап, сабақтайтын болсақ, алар өнегеміз мол болар еді», – дейді опера әншісі Шахимардан Қайдарұлы.

«Абай – данышпан, Абай – кемеңгер. Абайдың қара сөздері – көркем шығарма түрінде емес, ақынның өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған ақыл-өнеге, өсиет, ғибрат сөздер. Абай – озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік-азаматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері. Абайды танытатын осындай шығармашылық кештер көп болуы қажет. Сонда ғана өскелең ұрпағымыз білімді, талантты болады», – деді танымал қоғам қайраткері Асылы Осман.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

**Аягүл МИРАЗОВА, Қазақстанның Еңбек Ері:**

## «Өнер болмаған елде тіршілік те жоқ»

«Ой толғау» атты үш бөлімнен тұратын монооперaны тамашаладым.

Дәріс-концертті бір жарым сағат бойы Шахимардан Қайдарұлы жүргізіп, әндердің барлығын өзі орындады.

Бүкіл елімізде, тіпті шет мемлекеттерде ұлы ақынның 175 жылдығы аясында Абай оқулары өрістегені белгілі. Шахимардан Қайдарұлының дәріс-концерті де сол Абай оқуларының жалғасы екеніне куә болдық. Бір айтарлығы, Ш.Әбілов рухани қазынамызды қанаттандыруға басқа қырынан, яғни өнер тұрғысынан келіпті. Майталман әртіс М.Әуезовтің: «Өнер болмаған елде тіршілік те жоқ» деген дана мәтелін ту етіп алғаны айрықша көңіл аудартты.

Абай мұрасын халыққа өнер арқылы насихат етуі авторлық жаңа ізденіс болып, мақсатына жетті. Ұлы данышпанның әуелі Алланы, одан соң адамзатты, содан кейін адамды сүй деген өсиеті әрбір тыңдаушысын толқытып, көздеріне жас үйірді. Түптеп келгенде, елін сүюге, ұлтын сүюге, адамды нақты сүюге, өзін сүюге шақыратын дауылпаздай жан-дүниемізді тербеді.

Абай идеяларын Шахимардан Қайдарұлы қара сөзбен жеткізіп, өзі орындаған Абай әндерімен әрлей түсті. Өнер – жан қуаты, рухани ақыл-ой мен жан сұлулығы дей келе, автор әуеннің мәні оның ырғағында екеніне жұртшылық назарын аударды.

Мені әсіресе, жасы жетпісті еңсерсе де, тұғырынан түспеген Шахимардан Қайдарұлының дауысына сызат түспей, қайта саф алтындай сақталғаны қуантты. Ұлы Абай сөздерінің қасиетін жеткізген осынау қуатты үнге жиналғандар да тәнті болды. Қазақтың байтақ кең даласындай, Алатаудай биік, теңіздей арынды әнші дауысы әлі де кәсіби биігінде екені халқын риза етті. Оның диапазоны кез келген октаваны ала алатынымен ерекшеленді. Көрерменнің тағы бір тәнті болған тұсы – автордың дәріс-концерт мәтінін, сценарийін өзі жазып, әндерін өзі орындауы бұл айрықша дарын иесінің сан қырлы екенін көрсетті. Тіпті, дәріс-концерт соңында бүкіл зал Абай әнін бірге айтып, зор құрмет көрсетті.

Орайы келгенде, осы мекеменің басшысы Нұрбақыт Әбдіғалиұлына шексіз ризашылығымды білдіргім келеді. Халқымыз «Көреген басшы елді өсіреді» деген емес пе? Бұған дейін де талай қызметтің құлағын ұстаған Нұрбақыт Әбдіғалиұлының парасаттылығының жоғары екеніне тағы да куә болдық. Арада бірер күн өткенде Нұрбақыт Әбдіғалиұлының құрметті атаққа ие болғанын естіп, тағы да жанымыз сүйсініп жатыр. Құрмет өз иесін тапқанына қуандым. Осынау іс-шара ұлы Абайдың да, ұлы Мұхтардың да рухын аялаған болар.

Сондай-ақ, Шәкеңнің осынау дәріс-концертін сүйемелдеген Әлияр Өтетілеу сынды өнер иесіне де алғысымды айтқым келеді.

10.25 «ПЕРЕВОД НЕ ТРЕБУЕТСЯ». Многосерийный фильм
14.10 Екатерина Вуличенко, Дмитрий Калязин, Анна Васильева в многосерийном фильме «САША+ДАША+ ГЛАША»
18.00 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасының тұсаукесері
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.30 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
21.20 Артур Логай, Пётр Рыков, Анастасия Иванова, Дарья Легейда в фильме «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ»
1.05 Ночной кинотеатр. Владимир Машков, Аньорка Штрехель, Юлия Пересильд, Сергей Гармаш в фильме «КРАЙ»
3.15 «П@УТІNА» бағдарламасы
4.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.30

## 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х « Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.30 Т/п «Саяхаттандырылмағандықтарыңыздан»
09.30 Т/п «Орёл и решка»
10.30 Х/с «Чужие дети»
15.00 Реалити-шоу «Моя игра»
15.30 Әлішер Кәрімовтың концерті «15 жыл сахнада»
17.45 Т/х «Bloggerbek»
19.40 Т/х «SALEM MEN NURLAN KOYANBAYEV»
21.00 Х/ф «Средь бела дня»
22.50 Х/ф «Отчаянный ход»
01.00 Т/п «Орел и Решка»
02.00 Реалити-шоу «Моя игра»
02.30 Т/х «Bloggerbek»
03.50 Т/п «Айна-online»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

## КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.50 «СУДАҒЫ ІЗ», телехикая
08.35 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
09.35 «КТКweb» (қайталау)
10.00 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ». Премьера!
11.00 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»
13.00 «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕННЕГО СГОРАНИЯ», мелодрама (повтор)
17.00 «ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК», көркем фильм
18.40 «ТАМАША»
21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». Новый сезон!
22.00 «ЖЕНЫ НА ТРОПЕ ВОЙНЫ», мелодрама (1-4 серии). В ролях: Анна Кузина, Александр Давыдов, Андрей Фединчик
01.30 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама (повтор)
02.20 «ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК», көркем фильм (қайталау)
03.40-04.30 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)

## KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС. Challenger 80
08.40 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Испания – Португалия
10.30 Международный турнир по трем видам борьбы «Bolat Turlyhanov Cup». Прямой эфир
14.35 «СҰХБАТ». Дәулет Тұрлыханов
15.10 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
15.55 ФУТБОЛ. Матч друзей Андрея Карповича. Прямой эфир
18.00 Международный турнир по трем видам борьбы «Bolat Turlyhanov Cup». Прямой эфир
19.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Тбилиси. Тікелей эфир
21.30 «Тәуекел аймағы». 25-бөлім. Деректі фильм
21.50 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Венгрия – Англия. Тікелей эфир
23.50 ФУТБОЛ. УЕФА Европа мен Конференция Лигасының журналы
00.35 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Черногория – Румыния. Тікелей эфир
02.35 Әнұран

## BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Смайтиктер» Мультхикая.
7.40 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозыка»
8.20 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
8.45 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.00 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Горм сақшылары» Мультхикая.
10.15 «Үкілі әуен» телехикаясы
10.45 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
11.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.10 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
12.20 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.50 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.15 «Теңбіл доп» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
14.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
14.55 Анимация. Отандық / «Менің елім»
15.15 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
15.35 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага» Мультхикая.
16.25 «Қос алқа» Музыкалық нөмірлер жиынтығы
16.45 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
17.15 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
18.00 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
18.10 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозыка»
18.50 «Горм сақшылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
20.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
20.40 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

## ASTANATV

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12.15 Әбдіжаппар Әлқожа концерті
13.30 «My love is Aisulu» Х/ф
15.30 «Рэкетир» Х/ф
17.25 «Рэкетир 2» Х/ф
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Қағаз кеме» телехикаясы
1.45 «Ду-думан» шоу
2.50 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
3.30 Әбдіжаппар Әлқожа концерті

## TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 «Саморазвитие» – Маржан коуч
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Тәтті time
16.30 Саммари 100 кітап
17.00 Проза параграфы
17.20 Тамашаlike
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim Speakers
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.00 25-сағат
22.10 «Рэкетир-2» – Көркем фильм




«Қазақстан дауысы. Балалар». «Қазақстан» арнасы. Сағат 21.00-де.



## ЖЕКСЕНБІ 5 МАУСЫМ

### АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Детский киноклуб
9.00 Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
9.15 Детский киноклуб
10.45 Әсем әуен
12.00 Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
12.15 Отандық кино
14.15 Үздік әзілдер
15.00 Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
15.15 Женский киноклуб
19.00 Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
19.20 Концерт. Б.Тайлақбаев
21.00 Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
21.30 Мужское кино
23.30 Мужское кино
1.30 Алматинские истории
1.55 Алматинские каникулы
2.05 Алматы тұнған тарих
2.25 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

### QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPARAT
6.45 «Көңіл толқыны»
7.00 AQPARAT
7.10 «Күміс көмей». Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
8.00 AQPARAT
8.10 «AQSAÝYT»
8.35 «Киелі Qazaqstan». Деректі фильм
9.00 AQPARAT
9.10 «Көңіл толқыны»
9.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
11.00 AQPARAT
11.10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
11.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
12.00 AQPARAT
12.15 «Qazaqstan дауысы. Балалар».
13.00 AQPARAT
13.15 «Qazaqstan дауысы. Балалар». (жалғасы)
13.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
14.00 AQPARAT
14.10 «Qazaqstan дауысы. Балалар». (жалғасы)
15.00 AQPARAT
15.15 «Күй-керуен»
15.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
16.00 AQPARAT
16.15 Қуандық Рахымның концерті
17.00 AQPARAT
17.20 Қуандық Рахымның концерті (жалғасы)
17.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
18.00 AQPARAT
18.10 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
19.00 AQPARAT
19.10 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 AQPARAT
20.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
21.00 AQPARAT
21.20 Төреғали Төреәлінің концерті
22.00 AQPARAT
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая
23.00 AQPARAT
23.10 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая (жалғасы)
23.40 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН». Онлайын марафон. Тікелей эфир
0.00 AQPARAT
0.35 ФУТБОЛ. УЕФА ҰЛТТАР ЛИГАСЫ. ЧЕХИЯ – ИСПАНИЯ. Тікелей трансляция
2.40 «Aqsaýyt»
3.00 Әнұран

### ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино
6.45 «Самопознание»
7.00 «Алашұлы» тобының ән кеші
8.00 Жаңалықтар
8.10 Телехикая. «Абай жолы»
9.00 Новости
9.10 Телехикая. «Абай жолы»
10.00 Жаңалықтар
10.10 Телехикая. «Абай жолы»
11.00 Новости
11.10 Телехикая. «Абай жолы»
12.00 Жаңалықтар
12.10 «Бүгін»
13.00 Новости
13.10 Телехикая. «Абай жолы»
14.00 Жаңалықтар
14.10 Телехикая. «Абай жолы»
15.00 Новости
15.10 «Большая неделя»
16.00 Жаңалықтар
16.10 Телехикая. «Абай жолы»
17.00 Новости
17.10 Телехикая. «Абай жолы»
18.00 Жаңалықтар
18.10 «Бүгін»
19.00 Новости
19.10 Телехикая. «Абай жолы»
20.00 Жаңалықтар
20.10 Телехикая. «Абай жолы»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық бағдарламасы
22.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
23.00 «Большая неделя». Прямой эфир
0.30 Әсем әуен. Патриоттық әндер топтамасы
1.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Анимационный фильм «Три богатыря и принцесса Египта» (повтор)
12.30 Анимационный фильм «Капитан Саблезуб и Волшебный Бриллиант»
14.20 КИНО. Нуртас Адамбаев в комедии «Аким» (повтор)
16.40 КИНО. Тоби Магуайр в фантастическом боевике «Человек-паук» (повтор)
19.10 КИНО. Джереми Реннер в фэнтезийном боевике «Охотники на ведьм»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. «Дуагер» (қайталау)
01.10 «31 әзіл»
02.00 Әзіл студио
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «П@УТINA» бағдарламасы
8.30 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.45 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
10.30 «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ». Многосерийный фильм
14.30 Леонид Громов, Валерия Федорович, Андрей Кузичёв в многосерийном фильме «ВСЕ ВЕРНЕТСЯ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Анастасия Цымбалару, Кирилл Кузнецов, Артём Позняк, Дмитрий Саранский в многосерийном фильме «СКАЖИ МНЕ ПРАВДУ»
0.40 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр
2.00 «П@УТINA» бағдарламасы
2.45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.15 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
5.00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.25

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.30 ОЯН, QAZAQSTAN Music
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.00 Х/ф «Отчаянный ход»
13.15 Х/ф «Средь бела дня»
15.10 Т/п «Саяхаттандырылма ғандықтарыңыздан»
16.20 К/ф «Биші қыз»
17.45 Т/х «Bloggerbek»
19.40 Т/х «SALEM, MEN NURLAN KOYANBAYEV»
21.00 Х/с «Все равно тебя дождусь»
01.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
02.50 Т/х «Bloggerbek»
04.30 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
08.00 АСАН ПЕРДЕШОВТЫҢ ЖЕКЕ ӘН КЕШІ
10.00 «ЮМОРИНА»
12.30 «ЖЁНЫ НА ТРОПЕ ВОЙНЫ», мелодрама (повтор)
16.20 «АР САЛМАҒЫ», көркем фильм
18.00 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», ән шашу. Тұсаукесер!
21.00 «ТЫ ТОЛЬКО ВЕРЬ», мелодрама (1-4 серия). В ролях: Ольга Сухарёва, Александр Давыдов, Алла Масленникова
00.40 «НАСЛЕДНИКИ», криминальная мелодрама (повтор)
03.00 «АР САЛМАҒЫ», көркем фильм (қайталау)
04.10-04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

### KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС. Challenger 80
08.35 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Бельгия – Нидерланд
10.35 Международный турнир по трем видам борьбы «Bolat Turlyhanov Cup». Прямой эфир
14.35 Хоккейден ерлер арасындағы Әлем Чемпионатына шолу
15.35 «АУДАРЫСПАҚ». Ұлттық ойын. 2-күн
18.00 Международный турнир по трем видам борьбы «Bolat Turlyhanov Cup». Прямой эфир
19.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Тбилиси. Тікелей эфир
21.30 Арнайы репортаж
21.50 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Кипр – Северная Ирландия. Тікелей эфир
23.55 ФУТБОЛ. УЕФА Европа Лигасының қорытынды фильмі
00.20 Арнайы репортаж
00.35 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Португалия – Швейцария. Тікелей эфир
02.35 «Тәуекел аймағы». 26-бөлім. Деректі фильм
03.00 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Смайтиктер» Мультхикая.
7.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
8.20 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
8.45 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.00 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
9.30 «Көңілді жексенбі» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Горм сақшылары» Мультхикая.
10.15 «Үкілі әуен» телехикаясы
10.45 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
11.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.10 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
12.20 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.50 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.15 «Теңбіл доп» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
14.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
14.55 Анимация. Отандық / «Менің елім»
15.15 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
15.35 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага» Мультхикая.
16.25 «Қос алқа» Музыкалық нөмірлер жиынтығы
16.45 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
17.15 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
18.00 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
18.10 Анимация. Отандық / «Айдар»
18.50 «Горм сақшылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
20.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
20.40 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANATV

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12.10 «Ду-думан» шоу
13.30 «Шаншар»
18.00 «My love is Aisulu» Х/ф
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Өткінші жаңбыр» телехикаясы
02.00 «Преподы» телесериал
04.00 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
04.40 «Үздік әзілдер»

### TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала демеңіз» – Балалар уақыты
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жамбы» – Ұлттық спорт
16.30 Тамашаlike
17.00 Онline
17.20 Менің Анам Әкем
18.00 Өнер қырандары
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style




КӨРМЕ

# ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА: бүгін және ертең

**Алматыда Денсаулық сақтау саласының жыл сайынғы халықаралық «KIHE–2022» көрмесі өтті. Іс–шараға медициналық техниканың отандық және шетелдік өндірушілері қатысты. Көрмені отандық Iteca көрме компаниясы ұйымдастырып отыр.**




**Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Қазақстанда KIHE көрмесі 27 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде ол отандық медицинаның дамуына елеулі үлес қосты. Жылдан-жылға KIHE ағымдағы үрдістерді, саланың өзекті проблемаларын және оларды одан әрі шешу векторын айқындай түсті. Осы уақыт ішінде павильондар, қатысушылар өзгерді, жаңа технологиялар пайда болды, алайда көрмеге деген жоғары қызығушылық өзгеріссіз қалды.

*«Біз KIHE-ге көп жыл қатарынан қатысып келеміз, бұл дәстүрге айналды. Біз нарықта бұрыннан бері әртүрлі ұйымдармен, соның ішінде ғарыштық зерттеулер институтымен ынтымақтасып келеміз»,* – дейді «МЗМР-К» мекемесінің бас директоры Владимир Ященко. Компания бактерияға қарсы бөлме атмосферасын тазалағыш құралдар шығарады. Көрме ұйымдастырушыларының айтуынша, KIHE–2022-ге Австрия, Беларусь, Ұлыбритания, Германия, Қазақстан, Қытай, Литва, Пәкістан, Польша, Ресей, Чех Республикасы, Өзбекстаннан 198-ге жуық компания қатысуда.



Қатысушылардың 45%-ы отандық өндірушілер мен жеткізушілер екені маңызды.

Қазақстандық компаниялардың бірі көрмеде Panther Healthcare and Innalcon деген екі бренд ұсынып отыр. Соңғысы Қазақстанға тек осы жылы ғана келген. «Innalcon ультрадыбыстық хирургиялық жүйелерді шығарады. Сапасы жағынан олар үздік әлемдік үлгілерге сәйкес келеді. Бағасы жағынан қолжетімді. СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Ерхат Есқалиевтің айтуынша, KIHE көрмесі – бұл Қазақстандағы ең жаңа медициналық жабдықтарды таныстыру үшін ғана емес, ең бастысы, байланыс орнату, тәжірибе алмасу және кәсіби пікірталастар үшін ең тиімді алаңдардың бірі.

*«Пандемия әлемді өзгертті. Денсаулық сақтау саласы да өзгеруі керек. Мемлекет біздің алдымызға барлық қажетті дәрілік препараттардың болуын қамтамасыз ету міндетін қойды. Біз мұны табысты атқарып жатырмыз. Оның үстіне, қазір біз медициналық техника саласында да осындай жұмысты жүргізе бастадық. Біз ірі сатушылармен байланыс орнаттық. Бүгінгі біздің басты міндетіміз – ауруханалармен және медициналық техника өндірушілерімен жұмыс істей алатын стандарттарды әзірлеу»,* – деді Е.Есқалиев.

Оның айтуынша, қазақстандық денсаулық мекемелерінде медициналық жабдықтарға толық түгендеу жүргізу қажет. Содан кейін компания қажетті сатып алулар бойынша болжам жасап, нақты ұстанымдары мен бюджеті бар нақты іс-қимыл жоспарын әзірлей алады. Сонымен қатар, «СК Фармация» басшысы компанияның елдегі медициналық техника өндірісін оқшаулауға жан-жақты ықпал ету ниетін де атап өтті. Өйткені, мемлекеттік қолдаусыз бизнес бұған асықпайтын болады.

«Қазмедбиотех» қызметкері Дмитрий Клименоктың айтуынша, Қазақстанда медициналық өнім өндіру әлеуеті бар. Мысалы, компания Ақтөбеде қазақстандық өнімнің шамамен 50%-ын өндіреді. Қазақстанның шағын нарығында мұндай бизнестің тиімсіз болып қалу тәуекелі жоғары.

Бұл дәлелмен қазақстандық Medical Store компаниясынан Вадим Ибрагимов те келіседі. *«Бізде дистрибьюторлық компания бар, біз офтальмология, ЛОР, гинекология, хирургия, реанимация және тағы басқаларға арналған жабдықты ұсынамыз. Біз, әрине, ең танымал тауарларды қоймада ұстаймыз, бірақ қалғанын тапсырыс беру үшін әкелеміз. Әрине, біз де өз өндірісімізді бастау туралы ойладық, бірақ әзірге бұл тек жоспарлар»,* – дейді ол.

ҚОЛДАУ

# Әлеуметтік төлемдердің мөлшері өсті

**Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері биылғы 1 сәуірден бастап қосымша өсті. Бұл туралы «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ–ның Алматы қаласы бойынша филиалы өкілдері хабарлады.**

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**



2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен және асыраушысынан айырылуы жағдайларына төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері 5%-ға, ал 1 сәуірден қосымша 4%-ға көбейді. Осылайша бұл төлемдердің жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда, 9%-ға өсті.

Жұмыс істейтін азаматтар бұл төлемдерді базалық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша алады.

Қордан еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді республика бойынша – 81 665 адам, оның ішінде Алматы қаласынан 6871 адам алуда. Егер бюджеттен алатындар үшін мүгедектік бойынша жәрдемақының орташа мөлшері 54 608 теңгені құраса, ал қордан төленетін төлемді қоса есептегенде жалпы сома 84 353 теңгені құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемді – 54 215 адам, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 4029 адам алуда. Егер бюджеттен алатындар үшін асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақының орташа мөлшері 45 627 теңге болса, ал қордан төленетін төлемді қоса есептегенде жалпы сома 76 443 теңгені құрайды.

Сонымен бірге, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап айлық есептік көрсеткіштің ұлғаюына байланысты қордан 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді ең төменгі деңгейде алушы 244000-ға жуықтады. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша 17 177 адамға төлем мөлшері ұлғайтылды.

Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің ұлғайтылған сомасы осы жылдың маусымында сәуір, мамыр және маусым айларына төленетін болады.

АНТИКОР



**Antikor Almaty мемлекеттік қызметкерлер үшін Алматы қаласының тергеу изоляторында арнайы экскурсия өткізді.**

# Тергеу изоляторына экскурсия

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Алматы қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі түзеу мекемелерінде мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор үшін осындай экскурсияларды жүргізу тәжірибесін қолға алды. Бүгінде жемқорлыққа қатысы бар деген айыппен 10 адам қаладағы 155/18 түзеу мекемесінде мерзімін өтеуде.

Экскурсия барысында тергеу изоляторының қызметкерлері – ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған қылмыскерлерге арналған камераларды, серуендеуге, тамақтануға арналған орынды, кітапхананы көрсетті.

*«Бұл алдын алу іс-шарасы сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық жиілеп кеткен мемлекеттік органдармен өткізілетінін атап өткім келеді. Біз мемлекеттік мекеме басшыларына сыбайлас жемқорлық қылмыстарының неден басталатынын көрсеткіміз келеді. Тергеу изоляторының қабырғасында өткізген экскурсия жауапты тұлғалардың пара алу мен беру ойын қайтаруға тиіс»,* – деді Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Асхат Оразхан.

*– Шараның негізгі мақсаты – қазіргі күні қызмет атқарып жатқан мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмысы жазасыз қалмайтынын көрсету. Осындай экскурсияларды өткізу үшін арнайы кесте жасап қойдық. Барлық квазимемлекеттік орында экскурсиялар жүргізілип тұрады. Алматы қаласы бойынша 419 квазимемлекеттік орган бар. Соның бәрін қамтимыз. Күніне 40-қа жуық қызметкермен экскурсия өткізу жоспарланып отыр,* – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің Превенция басқармасының басшысы Қанат Әсембайұлы.

Экскурсияға ауыл шаруашылығы және квазимемлекеттік орган қызметкерлері мен басшылары қатысты.



ҒИБРАТ



# Менің ұлағатым

**ЖАС АБАЙДЫҢ ОҚУДАН ОРАЛҒАН КЕЗДЕ ӘКЕСІ ҚҰНАНБАЙМЕН ҚАУЫШҚАН СӘТІ:**

«Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі аржағында әкең тұр. Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды…

– Балам, бойың өсіп ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да – ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді». *(М.Әуезов, «Абай жолы»).*



# Менің күнім

**ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ЖАРЫ ХАЛИМА ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІГІНЕН:**

«Халима екеуміз 54 жыл бірге өмір сүрдік. Өмірімнің соңғы күн, соңғы сағатына дейін екеуміз жұп жазбай, қол ұстасып қатар жүрдік.

Су сұрасам – сут, қарта сұрасам – қазы беретін еді Халима. Жанынан – жылу, жүрегінен – жыр беруші еді маған. Ойымды жалғап, өрісімді кеңейтуші еді менің. Сөйлесек – әзіл, күлсек –күлкіміз таусылмайтын еді біздің. Халима менің сөзсам қолымды, ойласам ойымды ұзартушы еді. Ақылыма – ақыл, абыройыма абырой қосатын еді. Жабырқасам – жадыратушы, жаңылсам – түзетушім болушы еді. Бір сөзбен айтқанда, Халима менің өз өмірімнің аспанында жарқыраған күнім болды. Менің Күнім!



# Менің әкем

**ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВАНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН:**

«Алматыны алманың атасы десе дегендейақ, жас кезімнен есімде қалған бір нәрсе – алыстан алма иісі аңқып тұрушы еді. Мен осы Алматыда 1912 жылы дүниеге келіппін.

Менің әкем Баймолда Жиенқұлұлы үш ағайынды кісі: ағасы Байбұлан, інісі Нұрымбай. Қарқаралы уезі, Шұбартау болысынан ертеректе көшіп келсе керек. Әкем 7 жасында әке-шешесі өліп, жетім қалады. Сосын ағайынды үшеуі қол ұстасып, керуеншілерге ілесіп Балқашқа келеді. Одан Ілеге балық тартқан балықшыларға жалданып осы Іле бойында қалып қояды. Үлкен атамыз Байбұлан көпеске приказчик болып жұмысқа тұрады. Ал менің әкем көпестің егінін оратын малайы болып жалданады. Егіншілік жұмысқа жарымаған соң, көпестің атын айдайтын көшір болады. Жылдар өтеді, еті тірі ағайындылар әлденіп, қор жинап, өз алдарына тіршілік ететін күйге жетеді. Ақылдасып Алматыға көшіп келеді, бұл жерден қора-жай сатып алады.

Әкем Баймолда екі әйел алған. Бәйбішесінен 14 қыз туған. Ұл болмағанға қапаланып, сақалынан жасы сорғалап жүргенде менің шешем Тыныбаламен кездейсоқ ұшырасады. Он бесінші қыз болып дүниеге мен келіппін. Алайда, Тыныбала шешем оның сүйіп қосылған жары болған соң онша ренжімейді, ат шаптырып той жасайды. Он алтыншы қызы – Хадиша туғанда сақалын жұлып жылапты деседі. «Жасым болса жер ортасына келді, орнымды оңалтар ұл бермеген Құдайға не дейін?», – деп зар еңірегенде, тыңдаушының сай-сүйегі сырқырап, шешелеріміз үйден қашып шығады екен. Хадишадан кейін апам біразға шейін бала көтермей қалады. Атам одан сайын налиды, ақырында апам екі ұлды қатар туады. Атам қуанғаннан бар малын шашып үлкен той жасайды, сөйтіп, біраз қорынан ажырап қалады. Жоқ нәрсеге жүнжіп, таусылып көрмеген ол «екі қолға бір жұмыс» деп ежелгі кәсібінде жүре береді. Апам кейіннен тағы бір құрсақ көтереді, ұл туады. Әнуарбек, Жорабек, Талғатбек атты ұлдары болғасын атам көңілденіп, шайқала бастаған тұрмысын қайта қаз тұрғызады».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

# «Шашыңды құс тістеп кетпесін...»



Кеше шаштаразда отырып ойладым, «мына сыпырылып алынып жатқан шашымыз қоқысқа кетеді. Ашық аспан астында жатады. Желмен ұшады. Құс та тістеп кете барады-ау», – деп.

Баяғыда әжелеріміз қидыртқан шашымызды сыпырып алып, далаға апара жатқанымызды көріп, «Шашыңды құс тістеп кетпесін», – деп отыратын.

– Неге, әже? – деп сұрайтынбыз.

– Шашының бір талының өзін құс тістеп кеткен адам жүйке дертіне шалдығады, – деуші еді. «Қызық екен!», – деп қоя салушы едік.

Бала күнімде, әлі есімде, әжем аппақ шашын тарағанда үлкен ақ жаулығын алдына жайып қойып, соның үстіне тарайтын да, түскен шаштарының бір талын да қалдырмай жинап алып түйіп қоятын еді. Сол кезде ол түйіншекті не істейтіні есімде жоқ, қазір ойласам, бір жерге апарып көміп тастайтын не өртеп жіберетін болуы керек.

Қазір наным-сенімдерді тарқатып айтып беріп, тазалыққа үндеп отыратын әжелер де сиреп барады. Көбіміз өркениетке, қалаға «қашып», ырым-тыйымдарды да құлаққа ілмейтін болып алғанбыз. Бұрынғы бұрымдар да қазір қысқара бастаған.

Қазіргі кезде бойжеткендердің белден төмен түсетін ұзын шашын жайып жүретініне көз үйреніп кеткен. Қоғамдық көлікте аузы-мұрнына кіріп мазаңды алатыны да бар.

Шашта кие болатыны бағзы замандардан айтылып келеді. Бұрынғы аналарымыз белден асқан шашты кеспеген. Ұзын шашты орынсыз кесу үлкен қасіретке ұшыратуы мүмкін деп пайымдаған. Шашын қысқа қылып кескен әйелдің қуат қайнары кемиді деп сендірген. Тек «көз тиген» адамдар ғана шашын кескен. Иә, шашты зерделейтін ғалымдардың айтуынша, адам жаман аурудан, жаман энергетикадан құтылу үшін солай жасаған. Себебі, шаштың «есте сақтау» қасиеті бар көрінеді. Ол жүйкені, миды мазалап, көңіл күйді, денсаулықты бұзуы әбден мүмкін.

Шашты өсірген кезде де оның ұшын қиып, жөндеп отыру керек. Себебі, шаштың ұшына жаман энергия қонады. Бір айға бір-екі сантиметр қырықса, жеткілікті.

Шаш қырқатын адамды мұқият таңдаған абзал көрінеді. Шаштараз көңілді, күш-қуаты көп, жақсылық тілейтін мейірімді адам болса, оның да сізге оң әсері тиетін көрінеді.

Жүктілік кезінде шашты кесуге болмайды. Аяғы ауыр әйелдің шашына өзі мен баласына арналған күш-қуат жинақталады екен. Маңызды жағдайлар алдында шаш кеспеу керек. Баланың шашын бір жастан кейін кескен дұрыс екен.

Қазіргі ғылым шаштан да әртүрлі «хабар» алады. Мәселен, криминалистер бір тал шашы арқылы иесінің анаша қабылдайтын-қабылдамайтынын, тағы да басқа маңызды мәліметтерді біле алады. Адамның саусақтарының таңбалары бір-біріне ұқсамайтыны сияқты, кісінің шаштарында да ұқсастық болмайды екен. Тек бірдей шаш бір жұмыртқалы егіздерде ғана болатын көрінеді.

Шаштың түбі тері қабатындағы шаш ұясында болады, шаштың құрылысы өте күрделі, олар өте нәзік және оңай жарақаттанады. Сондықтан сусабынды мейлінше аз пайдаланған дұрыс көрінеді. Егер көп жаққан жағдайда шашқа артық салмақ түсіп, құрғатып жібереді.

Шаш – әйел көркі. Оны жайып жүрмей, өріп, буып не түйіп қойып та әдемі болуға болады. Әдемілік ешкімге көптік етпейді.

ТӘЛІМ

**Біздің редакциямызға 89 жастағы әже келді. Қолында оқушы дәптеріне жазылған, алғыс айтқан мақаласы бар. «Алғыс айтқан хатымды өзім апарып табыстаймын», – деген соң, әдемі әжені Алма қызы ертіп келіпті.**



# Әдемі әже әлемі

Жақында газетте жарық көрген «Ардагерлерді ардақтаған елміз» деген мақала маған қатты әсер етті. Себебі, мен де ардагермін, өткен ғасырда өмір сүріп, бүгінгі ХХІ ғасырмен ғұмырымды жалғап жатқан зейнеткер әжемін.

Біз көрмеген, кешпеген бейнет жоқ, қара жұмысқа жастайымыздан араластық.

Осыдан 77 жыл бұрын болған соғыстың зардабын бір кісідей көріп өстім. Шешеміз әкемізді жоқтатпай, бізді, үш баланы қатардан қалдырмай өсіріп, жеткізді. Ол кезде бұғанасы бекімеген бала болсақ та, біз де соғыстағы әкелерге, әскерлерге қолғап, шұлықтар тоқып өткізіп, белгіленген жоспарды асыра орындап жүрдік.

Айтайын дегенім, сол кездегі бейнетіміздің зейнетін көріп жатырмыз. Мемлекет біз секілді жандарды ешқашан ұмытқан емес. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай да сый-сияпатқа, құрметке кенелдік. Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсылық Әміржанов пен әлеуметтік бөлімнің қызметкері Жангереева Жанат қызымыз мұрындық болып, осындай көмектің бізге жетуіне тікелей атсалысты. Бізге көп нәрсе керек емес, ықылас пен көңіл болса жетіп жатыр. Әкімдіктегі ұл-қыздарыма ризамын.

Қазақта «Көзден кетсе де, көңілден кетпейді» деген жақсы сөз бар. Әбішев Тұрсын Қанағатұлы (менің өмірлік серігім болған азамат) қалалық Ардагерлер кеңесінің құрамында еңбек етіп (1995–2018 ж.ж.), арасында елге ақысыз да қызмет көрсетті.

Бізге үнемі қолдау білдіріп, қолдап жүрген жеке кәсіпкерлер көрінеді. Бірақ ешқайсысы аты-жөнін жария еткенімізді қаламайды. Міне, азаматтар! Әсер елдің балалары осындай болса керек-ті. Радио тыңдаймын. Сондағы еститінім, Мемлекет басшысы айтып жүрген Жаңа Қазақстанды осындай елжанды ұлдарым жасайды деп білемін. Бәріне аналық алғысым шексіз!

**Зейнеп БЕКСЕЙІТОВА,**
**89 жастағы зейнеткер-ұстаз, еңбек ардагері.**

БАЛА

# Асанның есебі

***Әкесінің әлденені есептеп, жазып отырғанын көрген Асан бөлмесіне жүгіріп кеп, ол да ойына алған нәрсесін қағазға түсіре бастады. Анасына көрсеткен азын-аулақ көмегі үшін ақша сұрамақшы болады.***

***Келесі күні анасы асүйдегі үстелдің үстінен бір жапырақ қағаз тауып алады. Ондағы жазу мынау екен:***

***«Анасының ұлы Асанға қарызы:***

***– дүкеннен сөмке тасығаны үшін – 550 теңге;***

***– хаттарды поштаға салғаны үшін – 300 теңге;***

***– жақсы бала болғаны үшін – 1500 теңге;***

***– гүлдерге су құйғаны үшін – 900 теңге;***

***Барлығы – 3250 теңге».***

***Анасы үстелдің үстіне 3250 теңге қалдырып кетеді. Кешке Асан ақшаны көргенде қатты қуанады. Алайда, ақшаның жанында тағы бір қағаз жатқан еді. Онда былай деп жазылыпты:***



***«Асанның анасына қарызы:***

***– үйде өткізген 10 жыл бақытты өмірі үшін – ештеңе;***

***– 10 жыл ішінде іш-жегені үшін – ештеңе;***

***– ауырған кездегі бағым-күтімі үшін – ештеңе;***

***– жақсы ана болғаны үшін – ештеңе.***

***Барлығы – ештеңе».***

***Қағазды оқып болған Асан қызарып кетіпті. Сосын жүгіріп келіп анасын құшақтап, кешірім сұрап, ақшаны анасына қайтарып берген екен.***

ЕЗУТАРТАР

## Құлақ кесетін аға

Кішкентай бала шифоньердің есігін ашып, шаша беріпті. Жинаудан шаршаған шешесі:

– Енді мынаны ашпа, ішінде жаман аға бар, құлағыңды кесіп алады, – деп қорқытады. Мұны естіген балақай жиһаз жақтан қаша жөнеледі.

Кешке жақын әкесі жұмыстан келіп, шкафқа костюмін іліп жатса, әлгі бүзық бала жиһаздың есігінен ақырын үңіліп:

– Мама-а, шипанердегі аға қашан кетіп қалған? – деген екен.

## Түйме

– Ескі пальтомның түймелері үзіліп бітті. Киюге ұят өзі!

– Ештеңе жоқ, ертең сатып әперем.

– Пальто ма?

– Жоқ, түйме әперем.

## Шығарма

Әдебиет сабағы. Оқушылар шығарма жазып отыр.

Мұғалім:

– Асан, сен неге қайта-қайта Гүлсімнің дәптеріне үңілесің?

Асан:

– Жазуын тани алмай жатырмын, апай!

## Жеңіс

Мұғалім:

– Шыңғыс ханның алғашқы жеңіске жеткен жері қайда?

Оқушы:

– «Тарих» оқулығының 92-бетінде.

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

## ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
**8 (727) 232-36-51;**
**8 (727) 232-36-56.**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**ЕГЕР:**
*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:**
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

## ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

| |
|---|
| **65503 (жеке жазылушылар үшін)**<br>1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге |
| **15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**<br>1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге// 7 айға – 11343,50 теңге |
| **95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**<br>1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге// 7 айға – 3083,50 теңге |

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

## «ALMATY BALAFEST»

Балалар жылы 2022

**Римма КУЛЬБАЕВА,**
*«Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығы директорының орынбасары:*



# «БАСЫНДА БҰЛАҒЫ БАР ӨЗЕН ҰЗАҚ АҒАДЫ»

## «Парасат» арнаулы әлеуметтік қызметтер орталығының басты бағдары – әр баланың қабілетін ұштай білу

**Биыл – Балалар жылы. Балаға жан-жақты тәрбие беретін, соның ішінде рухани жан-дүниесін қалыптастыратын, әдемілік пен әсемдікке тәрбиелейтін – өнер. Адам өмірінде болып жатқан барлық жағдаймен бірге өнер де жас буынның тұлға болып қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Музыка, көркемсурет, әртүрлі жанрдағы әндер балаларды адалдыққа, адамгершілікке, сыпайылыққа, табиғатты сүюге, үлкенді сыйлауға үйретеді. Баланың көпшіл болып өсуі үшін де өнерлі болудың маңызы ерекше.**

«Almaty» телеарнасының балаларға арналған «Almaty BalaFest» телевизиялық таланттар фестиваль-байқауы осы бағдардағы маңызды шаралардың бірі. Фестивальдың ерекшелігі – қатысушы ретінде мүмкіндігі шектеулі балалар да өз бақтарын сынап көре алады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін ашу – біздің мақсатымыз бен міндетіміз. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше назар мен ықылас керек. Қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде. Денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларында қызмет атқаратын мамандардың осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан-жылға мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы да өзгеріп келеді.

Бүгінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген бағдарламалардың ішінде жан-жақты әлеуметтендіру бағдары ерекше орын алады. Осы орайда, біздің «Парасат» арнаулы әлеуметтік қызметтер Орталығында қызмет алатын, ән салуға ерекше қабілеті бар Хамза Забитов деген бала туралы айтып кеткім келеді. Бұл кішкентай бүлдіршіннің өзінің денсаулығындағы ахуал мен бөгеттерге қарамастан өмірге деген құлшынысы жоғары. Ол ән айтып, би билегенде өзімен қоса жан-жағындағылардың да жанын жадыратып жібереді. Хамзаның орындауындағы «Мама» әні ерекше жүрегінді тебірентеді. Аталған фестивальдан жоғары жүлделі орынға ие болмаса да, көпшіліктің көзайымы болған бүлдіршін әнші өнерде өз орнын табады деп сенеміз. Әрине, мұндай балаларды оңалту, бейімдеу үлкен шеберлік пен білімділікті талап етеді. Әрбір орталықтағы маман балаларды әлеуметтік бейімдеудегі, тәрбиелеудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналармен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастырудың арқасында дұрыс нәтижеге қол жеткізіп отырмыз. Кішкентай Хамзаның өнері өркендеп үлкен жетістіктерге жете берсін деп тілейміз.

Халқымыз «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деп бекер айтпаған. Міндетіміз – әр баланың қабілетін ұштай білу.

## КЕРЕК ДЕРЕК

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

# БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

**«Имсталькон» АҚ-ға:**
• заңгер;
• экономист керек.
Тел.: 8 701 506 89 68.

**«МАСЛО-ДЕЛ» компаниясына:**
• қаттаушылар;
• қаптаушылар;
• жүк тиеушілер;
• асүй жұмыскерлері керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

**«Көктем» санаторийіне:**
• аспаз;
• наубайшы;
• кондитер;
• горничная;
• даяшылар;
• ыдыс жуушы;
• тазалықшылар;
• аула сыпырушы керек.
Жатақханадан орын беріледі.
Тел.: 8 771 576 10 40.

**«ИНТЕРТИЧ» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ-ға:**
• заңгер;
• бухгалтер;
• тендер бөлімінің маманы;
• туризм ісі жөніндегі менеджер;
• сақтандыру ісі жөніндегі маман;
• сату ісі жөніндегі менеджер керек.
Тел.: 8 777 773 99 99.

**Республикалық диагностикалық орталыққа:**
• санитаркалар керек.
Тел.: 8 777 016 74 51.

**«КИПР-KZ» компаниясына:**
• автоматизация бөліміне мамандар;
• сату бөлімінің менеджері керек.
Тел.: 8 775 190 58 88.

**«Қазақстан» қонақүйіне:**
• наубайшылар;
• кондитерлер;
• даяшылар;
• ыстық және салқын цехтардың аспазы керек.
Тел.: 8 701 650 00 66.

**«Ремизовка» тұрғын үй кешеніне:**
• коньсерждер;
• электриктер керек.
Тел.: 8 775 333 63 63.

**«DoubleTree by Hilton Almaty» қонақүйіне:**
• даяшылар;
• ресепшн-мамандар;
• әкімші;
• аспаздар;
• кондитерлер керек.
Тел.: 8 701 325 88 96.

**«Rixos Almaty» қонақүйіне:**
• даяшылар;
• кір жуу орнына оператор;
• горничныйлар;
• СПА-салонды тазалайтын жұмыскерлер;
• Ыдыс жуушылар керек.
Тел.: 8 701 993 91 27.

**«Kaspi Bank» АҚ:**
• сату жөніндегі менеджер;
• төлемдерді жинау жөніндегі менеджер;
• Kaspi Pay-мен жұмыс істейтін менеджер керек.
Тел.: 8 705 303 03 15.

**«Small» супермаркетіне:**
• сатушылар;
• кассирлер;
• наубайшылар;
• жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 771 775 65 61.

**СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!**

ALATAY AQPARAT

Бас директор – **Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

**Қабылдау бөлмесі:**
232-36-61.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР**
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі – **Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,**
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор – **Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,**
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері – **Дана ӘЛМЕШ,**
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**
**alatayaqparat@mail.ru**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
**Апталық таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.**

Балалар жылы 2022

## Жас спортшылар топ жарды

Рая ЕСКЕНДІР

**Балалар жылына орай Алматы қаласы әкімінің қолдауымен өтіп жатқан «BALAFEST–2022» фестивалі Жетісу ауданындағы №43 мектепте жалғасын тапты. Бұл күні аудан мектептерінің ең мықты спортшылары «Open Air Cport» байқауының аудандық турына қатысып, шеберліктерін көрсетті.**



Жас спортшылар фестивальдің «Спорт және салауатты өмір салты» аталымы барысында өздерінің ептіліктерін, мықтылықтарын танытты. Сонымен қатар, байқау барысында жаттықтырушылар да спортты жан-жақты насихаттап, салауатты өмір салтын ұстану арқылы дені сау ұрпақ қалыптасатынын баса айтты. Жарысқа аудандағы 21 мектептен 180 оқушы қатысты. Осылайша 18 команда болып жасақталған жас спортшылар футболдан жарысқа түсіп, №177 жалпы білім беретін мектеп оқушылары шеберліктерімен ерекше топ жарды. Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды №148 мектеп-гимназия, 2-орынды №118 мектеп-гимназия, 3-орынды №2 жалпы білім беретін мектеп иеленді.

## ҚИМАЙ ҚОШТАСТЫ

**Қазақстанның барлық өңірінде соңғы қоңырау үні соғылды. Атап айтқанда, Алматы қаласы Әуезов ауданына қарасты №119 мектеп-лицейінде аталмыш мереке жалғасын тапты.**



Алғашқы болып сөз алған мектеп директоры Жаңыл Сатайқызы 2021-2022 оқу жылындағы оқу процесіндегі бірқатар қиындықтар мен жеткен жетістіктер жайында сөз қозғады. Мектеп бітіруші түлектерге алдағы емтихандарды өте жақсы деген бағаға тапсыруларына тілектестік білдірді. Сонымен бірге, аудандық, қалалық, республикалық олимпиадалар мен өзге де жарыстардан, спорттық сайыстардан жүлделі орын алған оқушылар мен ұстаздарды марапаттады.

Бірінші сынып бүлдіршіндері қанат қағып ұшайын деп отырған аға-әпкелеріне өлең арнап, гүл шоқтарын беріп құттықтады. Басқа да өнерпаздар ән салып, би билеп соңғы қоңырауға арналған жиынды қыздыра түсті. Жиын соңында мектеп бітіруші түлектер естелік ретінде көгершін, шар ұшырып, алтын ұясымен қимай қоштасты.

РЕФЕРЕНДУМ2022

# Алматылықтар не дейді?

*5 маусымда Конституцияға енгізілетін өзгерістерге қатысты жалпыхалықтық референдум өтеді. Осы орайда алматылықтардың пікірін сұрап, сауалнама жүргізген едік*

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ!



**Сыпайы ЖОЛСЕЙІТОВА, зейнеткер-ұстаз**

### Келешек ұрпақ қамы үшін

Қарақтарым, ең бастысы, елімізде берекебірлік, тыныштық болсын! «Естіген құлақта жазық жоқ» қой. Кейінгі кезде байқаймын, адам аяғы көбірек жиналған жерлерде билікке қарсы пікір қалыптастырып, елдің арасына іріткі салатын жандарды көріп жүрмін. Бүгінге дейін жаманды-жақсылы өмір сүріп келеміз. Ел басқарып отырған азаматтарымызды қаралай бергенше, қолдап үйренейік. Сонда біздің елде жақсылықтар көп болады. Қазақта «Бірлігі бекем ел озады» деген жақсы сөз бар. Барлығы келешек ұрпақтың қамы үшін жасалып жатқан қадамдар ғой. Жаңа Қазақстанды құру өз қолдарыңда! Сондықтан алдағы науқанның өз деңгейінде өтуіне атсалысыңдар. Қатысыңдар! Менің жасым 75-те. Ешқашан ел тағдырына қатысты саяси шаралардан қалған емеспін. Биыл да барып, дауыс беремін.



**Арай ҚАСЫМБАЕВА, Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері:**

### Жауапты күннен қалыс қалмаймыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізетінін көзі ашық, көкірегі ояу әрбір қазақстандық біледі деп ойлаймын. Сан түрлі пікір қалыптастырған бұл бастама билік пен қоғам, халық пен мемлекет арасындағы арақатынастың жаңа үлгісі негізінде жүзеге асады деп үміттенемін. Өйткені, Конституцияға енгізілетін өзгерістер Жаңа Қазақстанның бағытын анықтап, әділетті ел болуымызға жол ашады. Сондықтан отбасымызбен мұндай маңызды әрі жауапты күннен қалыс қалмаймыз. Барлығымыз дауыс беруге барамыз!



**Азамат АЛУАДИНҰЛЫ, «Алматы тазалық» МКК-ның Алмалы ауданы бойынша бөлім басшысы:**

### Азаматтық парызым

Алдағы саяси науқан бүкіл қазақ елі үшін маңызды деп ойлаймын. Себебі, біз қабылдайтын шешім – балаларымыздың болашағына тікелей әсер ететін шешім. Сондықтан ел тағдыры үшін атқарылатын барлық шараларға қатысуды, оның ішінде осындай маңызды шешім қабылдауда дауыс беруді өзімнің азаматтық борышым деп білемін. 5 маусым күні міндетті түрде өзімнің сайлау учаскеме барып, таңдауымды жасаймын. Барлығыңызды әділетті Қазақстан үшін дауыс беруге шақырамын.



**Бауыржан СЕРБАЙҰЛЫ, «Қазпошта» қызметкері:**

### Ұлыма үлгі көрсетуім керек

Елімізді демократияландыру процесі халықтың пікірімен санаса отырып қабылданатынына өз басым қуанамын. Бірақ кейде осы айтылған уәденің барлығы сөз жүзінде қала ма екен деп те ойлайтыным бар. Бүгінге дейін мемлекет халықтың үнін естіді, енді іске көшсе екен дейміз. Сонда елімізде береке де, бірлік те салтанат құрады. Тұрмысымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артады. Егер ел Президентінің Жолдауда айтқан сөздері жүзеге асатын болса, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Ол – анық. Биыл дауыс беруге ұлым екеуміз бірге барамыз. Бұл оның ел тағдырына қатысты шараларға алғаш қатысуы. Азаматтық ұстанымы, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін мен оған осындай істерде де үлгі болуым керек қой.

**Сауалнаманы жүргізген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

# «МОЛШЫЛЫҚТЫҢ БАСЫ – ЖАЗ, ЖАЗДЫҢ БАСЫ – САРАТАН...»

*Халқымыздың аузында жүрген осындай жыр жолдары бар. Аспан денелерінің қозғалысы шуақты шақтың, сары қымыз сапыратын мезгілдің жеткенін аңғартқандай*

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

**Үріккен мал сияқты үрпиісіп тұрған жұлдыз шоғырын бабалар «Үркер» деп атаған. Олар аспанда ерекше жарқырап, маңайына сәулесін шашып, әдегеннен көзге түсіп тұрады. Үркер аспанға көтерілген сайын күн суытып, төмендеген сайын ауа райы жылынады. Қазақтың табиғат құбылыстарын, ауа райын, түрлі амалдарды зерттейтін ең сенімді аспабы – Үркер.**

Маусым, шілде айларында көзден тасаланып, көрінбей кеткенде ауа райы жылынып, көк қаулап шыққан. Қысы-жазы, күнітүні малдың соңында жүретін малшы қауым «Егер Үркер жерде жатса, мәңгі жылы болар еді-ау» деп қиялдаған. Халқымызда «Үркер – жұлдыз ағасы», «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген тәмсілдер осы түсінікпен құбылыстан шыққа керек.

Міне, маусым айы есік қағып тұр. Данагөй қариялардың «Үркер жерге түспей, күн жылымайды» деп болжам жасаған кезі келді. Енді күн құрт асуға тиіс. Бұл Үркер шоқжұлдызының төмен түсуінің әсерінен орын алады.

Өткенде айтқанымыздай, қазір «Сахараның ботагөзі» төлдеп жатқан кез. Бірер күнде ол науқан аяқталып, киіктердің сол төлдерін, яғни құралайларын өргізетін кез басталады. Сол уақытта қатты ызғарықты, дауылды жел, нөсерлі жаңбыр қаркын алады. Кейбір жылдары қар аралас жаңбыр жауады. Бұл амал «Құралайдың салқыны» деп аталады.

Аптаның соңына қарай маусым айы басталады. Бұл айды қазақ «Саратан» деп атаған. Тағы бір атауы – «Отамалы». Жер отының молайып малға жұғымының артқанын білдірсе керек. В.Радловтың ұсынған ай жүйесінде отамалы мамыр айына, ал Ш.Уәлихановтың зерттеуінде наурыз айына сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіп: «Саратан – отыз бір күн. Сарғалдақ деген шымшық сонда (анда) шақырар. Саратан кірекеш Үркер туар (тугар), маусымның тоғызында Саратан кіреді» деген.

Қолданып жүрген күнтізбе бойынша бүгін мамырдың – 26-сы. Ай есебімен – 25-і. Ал ескіше, яғни қазақша айдың – 13-і. Алдағы біз сөз етіп отырған апта айдың ортасы мен соңғы онкүндігін қамтып тұр. Аспан денелерінің іс-қимыл әрекетіне қарағанда, 26 мамыр мен 2 маусым арасында ауа райының жиі құбылуы, жаңбыр мен жел болуы ғажап емес.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

- **Бұлт желге қарай көшсе, кешікпей қыста – қар, жазда – жаңбыр жауады.**
- **Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.**
- **Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.**
- **Бұлт өркештеніп көтерілсе, жаңбыр жауады.**

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT | $ USD/KZT | ₽ RUB/KZT | ¥ CNY/KZT |
|---|---|---|---|---|
| | 446,47 теңге | 416,91 теңге | 7,34 теңге | 62,53 теңге |